

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Кіріспе

Ішкі саясат – елді тұрақты дамыту үшін мемлекеттік институттарды жұмылдыруға және нығайтуға арналған мемлекеттік саясаттың аса маңызды саласы.

Қазақстанның жан-жақты жаңғыруына байланысты ішкі саясаттың негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бір жүйеге келтіретін жеке тұжырымдамалық құжат қабылдау қажеттігі туындады.

2022 жылғы конституциялық реформа еліміздің жаңа тарихындағы маңызды оқиғаның бірі болды. Бұл реформа мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ саяси жүйе құруға септігін тигізді.

Сондай-ақ, нарық қағидаттарына, адал әрі еркін бәсекелестікке, ресурстарды әділ бөлу ұстанымына негізделген жаңа экономикалық саясатқа көшу үдерісі басталды. Ұлттық экономиканы дамыту ісі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтауға және халықаралық беделін күшейтуге бағытталған.

Әлеуметтік-гуманитарлық салада ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Ғылым, білім және мәдениет озық ойлы ұлт болуға ықпал ететін басты үш тірек ретінде жарияланды.

Сонымен бірге, қазір әлемде геосаяси, экономикалық, климаттық, демографиялық және көші-қон факторларынан туындайтын түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жаппай цифрландыру ісінің және жасанды интеллектінің негізінде жаңа технологиялық тәртіп қалыптасып келеді. Бұл үдерістер қазіргі заманғы қоғамдардың әлеуметтік құрылымдарына, соның ішінде Қазақстанға едәуір ықпалын тигізеді.

Сондықтан, елді жүйелі жаңғыртудың жаңа кезеңінде мемлекет алдында ішкі саясат саласына қатысты мынадай екі деңгейлі міндет тұр. Біріншіден, еліміздің ішкі және сыртқы ахуалға тиімді бейімделуін қамтамасыз ету керек.

Екіншіден, мемлекеттік институттар мен қоғамның жасампаздық бағыттағы өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарын айқындау қажет.

Бұл құжат ел дамуының келешегіне қатысты мемлекет пен қоғамның ортақ көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Құжаттың нормативтік және құқықтық негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Құжат Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары мен Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлеген сөздері, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары негізінде, Ұлттық құрылтай мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың ұсыныстары ескеріле отырып әзірленді.

Ұсынылған басты қағидаттар, құндылықтар мен бағыттар негіздемелік сипатқа ие болып, мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы жұмысын ұйымдастыратын маңызды бағдарлар мен тәсілдерді ғана анықтайды.

1-тарау. Ішкі саясаттың мақсаты мен қағидаттары

1. Ішкі саясаттың мақсаты. Ішкі саясаттың мақсаты – мемлекеттілігімізді және ел бірлігін нығайту, елді тұрақты дамыту үшін қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Басты идея – баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты әрі өркениетті қоғам – Әділетті Қазақстанды құру.

Оны жүйелі жүзеге асыру үшін ішкі саясаттың «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілсін.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 5 қараша № 1081.

Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағидаттары қалыптастырылды.

Мемлекет құру ісінің осы әмбебап қағидаттары ауқымды қоғамдық диалог жағдайында ұлтты одан әрі ұйыстыруға бағытталған.

2. Ішкі саясаттың қағидаттары. «Заң мен тәртіп» қағидаты

«Заң мен тәртіп» қағидаты – құқықтық мемлекеттің іргетасы, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарт.

Барша азаматтың заң алдында тең болуы, заң бұзған адамның жазасыз қалмауы, жоғары құқықтық мәдениет қоғамдағы әділеттіктің негізі әрі өлшемі саналады.

Іс жүзінде бұл қағидат соттардың және құқық қорғау құрылымдарының тиімді жұмыс істеуі, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу арқылы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру және құқық қорғау жүйесіне қоғамның сенімін арттыру жолымен жүзеге асады.

Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен азаматтардың күш-жігерін жұмылдыру қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының түпкі мәні – азаматтардың талап-тілегіне әділ және уақтылы ден қою, мемлекет пен қоғам арасында тұрақты әрі жүйелі диалог орнату.

Іс жүзінде бұл қағидат тікелей диалог, яғни, мемлекеттік органдар басшыларының халықпен кездесуі, сарапшылардың пікірталас алаңы, өкілді және консультативтік-кеңесші органдар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ашық үкімет порталы, «E-petition» онлайн-петициялар институты, азаматтар өтініш білдіретін «E-Otinish» порталы сияқты пәрменді цифрлық байланыс арналары іске қосылуда.

Осындай ашық әрі нысаналы жұмыс мемлекеттік институттар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты. «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» қағидаты барлық мемлекеттік шешімдер қоғамның пікірі ескеріле отырып, елдің мүддесі үшін инклюзивті тәсіл аясында қабылданады дегенді білдіреді.

Бұл қағидат азаматтардың референдум мен сайлауда дауыс беруі, диалог алаңдары мен консультативтік-кеңесші органдардың жұмысы, қоғамдық пікірді тұрақты зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтардың ортақ ұстанымына негізделген әділ әрі тиімді шешімдер мемлекеттілігіміздің демократиялық тұғырын нығайтуға және елімізді орнықты дамытуға ықпал етеді.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты. «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты биліктің осы институттарының өзара үйлесімді әрекет жасайтынын білдіреді.

Президент институты – мемлекеттік басқару жүйесінің ең негізгі элементі және стратегиялық шешімдер қабылдау орталығы. Мемлекет басшысы реформалар жасау туралы бастама көтереді, мемлекеттің ішкі

және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Парламент азаматтардың мүддесін білдіре отырып, қоғамдағы өзекті мәселелердің кеңінен талқылануын қамтамасыз етеді және заңдар қабылдайды. Үкімет атқарушы органдар жүйесін басқарып, реформалардың тиімді іске асырылуына жауапты болады.

Бұл басқару моделі билік тармақтары арасындағы оңтайлы тепе-теңдік сақталған әділ мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық дизайнын қалыптастырады.

«Адал азамат» қағидаты. «Адал азамат» – азаматтардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының озық үлгісін қалыптастыруды және оны қоғамда орнықтыруды көздейтін қағидат. «Адал азамат» – заңды сыйлайтын, білімді, отаншыл, жауапкершілікті сезінетін, саламатты өмір салтын ұстанатын, адал еңбегімен табысқа жетіп, қоғамда сый-құрметке бөленетін азамат.

Іс жүзінде бұл қағидат білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі, ауқымды ағарту жұмысы, мәдени-гуманитарлық жобалар, заңнамалық бастамалар, сондай-ақ, салауатты өмір салтын дәріптеу арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» қағидаты озық және әділетті қоғамның негізі болатын құндылықтар мен идеалдарды айқындайды.

«Таза Қазақстан» қағидаты. «Таза Қазақстан» қағидаты барша азаматқа ортақ жасампаз ой-сана жүйесін қалыптастырады.

Тазалық пен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, табиғатты аялау ұлттық мінездің ажырамас сипаты болуға тиіс.

Бұл қағидат іс жүзінде қалалар мен ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру және тазарту, экологиялық ортаны жақсарту, вандализм мен мәдениетсіздікке қарсы күрес ісінде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіретін «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында іске асырылады.

«Таза Қазақстан» – азаматтардың жауапкершілігін арттыра түсетін және қоғамда жаңа этика қалыптастыратын қағидат.

Осылайша, ішкі саясаттың бұл қағидаттары мемлекеттік құрылыстың бірыңғай бағдарларын айқындайды.

«Заң мен тәртіп» – құқықтық мемлекеттің негізі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – өзара іс-қимыл құралы.

«Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» – өзара түсіністік орнату жолы.

«Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» – басқару үлгісі.

«Адал азамат» – ойлау пайымы.

«Таза Қазақстан» – мінез-құлық пен жүріс-тұрыс этикасы.

Бұл қағидаттың барлығы Қазақстан қоғамына тән өмір салтының және ел болашағының бейнесі – Әділетті Қазақстанның бірыңғай формуласын құрайды.

Әділетті Қазақстан – заң үстемдігі берік орнаған, демократиялық институттары мықты дамыған және азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығы мүлтіксіз қорғалатын мемлекет.

Әділетті Қазақстан – елдің дамуына елеулі үлес қосатын жауапты әрі еңбекқор азаматтар қоғамы. Бұл – тарихи тұғырына нық орнығып, алға ұмтылған озық ойлы қоғам. Қазақстан

болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған ел болуды көздейді.

Әділетті Қазақстан – жайлы өмір сүру, қызмет бабында өсу және бизнес жүргізу үшін баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет. Бұл экономикасы барлығы жағынан инновацияға, ауқымды цифрландыру үдерісіне негізделген және жасанды интеллект технологиясы жаппай енгізіліп жатқан, қарқынды дамитын ел. Бұл – азаматтардың әл-ауқаты мен тіршілігі сапасын арттыруға басты басымдық беретін мемлекет.

Әділетті Қазақстан – инвестиция мен адам капиталын тартатын өңірлік орталық. Өзінің ұлттық мүдделерін ойдағыдай ілгерілететін, әділ әрі орнықты әлемдік тәртіптің қалыптасуын қолдайтын орта держава.

2-тарау. Жалпыұлттық құндылықтар және нышандар

1. Жалпыұлттық құндылықтар. Кез келген қоғамда адамдар арасындағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас қашанда белгілі бір ортақ құндылықтарға негізделеді.

Осы мақсатта Ұлттық құрылтай мүшелері тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтардың тізбесін жасау туралы бастама көтерді. Сарапшылар мен азаматтардың ұсыныстарына, қоғам пікірін жүйелі зерделеу қорытындысына, пәнаралық зерттеуге негізделген осы тізбеде дәстүрлі, жалпы адамзатқа ортақ және заманауи құндылықтар үйлесім тапқан.

Бұл құндылықтар жүйесі саяси және идеологиялық көзқарасына, экономикалық және мәдени факторларға, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Қазақстанның барша азаматына ортақ.

Қоғамдағы әмбебап құндылықтар жүйесі – ішкі саясат саласындағы жұмыстың негізі.

Тәуелсіздік және отаншылдық. Қазақстанның тәуелсіздігі – ішкі және сыртқы мәселелерді өзіміз дербес шешу мүмкіндігімізді көрсететін құндылық. Бұл – ел бірлігінің және мемлекеттігіміздің қастерлі нышаны, оның мән-маңызын Президентіміз «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» деген бір ауыз сөзбен айқындап берді.

Қазақстандық патриотизм мемлекетке, оның рәміздері мен ұлттық мәдениетіне құрметпен қарау, еліміздің тарихи және рухани құндылықтарын қадірлеу, Отанымыздың бүгінгі мен болашағына жауапкершілікпен қарау деген мағынаны білдіреді. Азаматтардың отаншылдық қасиеті еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерге белсене атсалысу, Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтарын ұстану арқылы көрініс табуға тиіс.

Тәуелсіздік пен отаншылдық бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Олар біздің қоғамның құндылықтар жүйесінің іргетасы саналады. Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктерімізді мемлекеттің және жауапкершілігі мол отаншыл азаматтардың жасампаз қызметі арқылы ғана сақтап, еселеуге болады.

Бірлік және ынтымақ

Бірлік және ынтымақ – қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің тұғыры саналатын құндылықтар, жаңа сын-қатерлер жағдайында олардың өзектілігі арта түседі.

Ел бірлігін сақтау және нығайту саясаты «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаға арқа сүйейді. Ел бірлігі тарихи тағдырдың ортақтығына, азаматтық құндылықтар мен жалпыұлттық бірегейлікке, барлық азаматтың озық дәстүрлерді ұстануына, заң алдындағы теңдігіне, децентралистік, радикалды және біздің қоғамға жат көзқарастарды қабылдамауына негізделеді.

Ынтымақ – баршамыздың бір елдің азаматы екенімізді сезіндіретін ұғым, ол ортақ мақсаттарға жету үшін бір-бірімізді қолдаудың және жауапкершіліктің маңызды екенін білдіреді.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бірлік және ынтымақ құндылықтары елді жүйелі жаңғырту ісінде айрықша рөл атқарады, қоғамның реформаларды қолдау және азаматтардың стратегиялық міндеттерді шешуге атсалысу мүмкіндігін кеңейте түседі.

Әділдік пен жауапкершілік. Әділдік және жауапкершілік – қоғамда өзара сыйластықты, сенім мен келісімді нығайтатын, бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Әрбір азамат өзінің рөлі маңызды екенін және жеке жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін сезіне білуі керек. Бұл – шын мәнінде, орнықты, қарқынды дамитын және үйлесімді қоғам құрудың негізгі шартының бірі.

Әділдік пен жауапкершілік құндылықтары мемлекет пен азаматтар күш-жігерін біріктірсе ғана Әділетті Қазақстанды құруға болатынын көрсетеді.

Заң мен тәртіп. Тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң бұзған адамды тиісті жазаға тарту – мемлекеттің негізгі функциялары.

Елімізде қоғамға жат мінез-құлыққа қарсы иммунитет, кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу», қатігездік пен зорлық-зомбылықтың ешбір түріне жол бермеу сияқты ұстанымдар берік орнығып жатыр.

Әрбір азамат заңды мүлтіксіз сақтау өзінің әл-ауқатын жақсартудың және еліміздің өсіп-өркендеуінің кепілі екенін түсінуге тиіс.

Заң мен құқықтық тәртіптің үстемдігі – тұрақты әрі өркениетті мемлекеттің тірегі.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Бұл – жауапты, еңбекқор, өз ісін сүйетін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады дегенді білдіреді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, еңбек адамына құрметпен қарау әрі жеке кәсіби біліктілікті бағалау, масылдыққа қарсы әрекет ету мәдениетін қалыптастыру қажет.

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын дәріптеу ел экономикасын дамыту үшін ғана емес, озық ойлы әрі бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін де маңызды.

Жасампаздық пен жаңашылдық. Жасампаздық пен жаңашылдық – идеялар мен инновациялар, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект басты қозғаушы күш саналатын, индустриялық тұрғыдан дамыған әлемде еліміздің бәсекеге қабілетті болуының кепілі.

Озық ойлы қоғам құру үшін азаматтарымыздың өзгерістерге ашық болуы, жасампаздыққа ұмтылуы және креативті ойлай білуі маңызды.

Білімпаздық, сауаттылық, парасаттылық пен прагматизм қоғам менталитетінің ажырамас бөлігіне және әрбір азаматтың тұлға ретінде өсіп-жетілуінің негізгі факторына айналуға тиіс.

Жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын ілгерілету үшін ағартушылық қызмет және қоғамда ғалымдар мен педагогтердің мәртебесін дәйекті түрде көтеруге бағытталған жұмыс маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның технологиялық тұрғыдан

дамыған ел болуы үшін қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын бүгіннен бастап орнықтыру қажет.

2. Жалпыұлттық нышандар

Елдің тарихи-мәдени ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық нышандардың тізімін жасау – әлемде кеңінен қолданылатын тәжірибе.

Ұлттық нышандар елдің өзіне тән ерекшелігін тануға, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға ықпал етеді.

Осы мақсатта жалпыұлттық нышандардың мынадай тізімі айқындалады: ұлттық ұран – «Алға, Қазақстан!»; ұлттық түстер – аспан түстес көк, алтын сары түс; ұлттық кітап нышаны – Абайдың «Қара сөздері»; ұлттық бірлік нышаны – шаңырақ; ұлттық музыкалық аспап нышаны – домбыра; ұлттық өсімдік нышаны – қызғалдақ; отандық өнім шығарудың ұлттық белгісі – «Қазақстанда жасалған», «Made in Qazaqstan»; ұлттық хәштег – #Qazaqstan, #Kazakhstan.

Жалпыұлттық нышандардың осы тізімі елдің бірыңғай нышандар жүйесін және брендін қалыптастырады.

Ұлттық нышандар жалпыұлттық айдентиканың, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың, өкімшілік-аумақтық бірліктердің, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, азаматтық қоғам институттарының базалық элементтеріне айналуға тиіс.

Ұлттық нышандар салтанатты рәсімдерді, қоғамдық-саяси, гуманитарлық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қолданылуы мүмкін.

3-тарау. Ішкі саясаттың басым бағыттары

Ішкі саясаттың басым бағыттарына мыналар жатады: 1) қоғамдық диалог; 2) этносаралық қатынас саласындағы саясат; 3) дін саласындағы саясат; 4) мәдени-гуманитарлық саясат; 5) отбасы саясаты; 6) жастар саясаты; 7) ақпарат саясаты.

Қоғамдық диалог

Ашық және тұрақты қоғамдық диалог орнату үшін: мемлекеттің азаматтық қоғамның барлық институтымен өзара байланыс орнату тетігін жетілдіру; азаматтық қоғам институттарын дамытуға қажетті құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайларды жасау; шешім қабылдау ісіне азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының барынша араласуы; қоғамдық кеңестер мен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы өзге де консультативтік-кеңесші органдардың қызметін жетілдіру; мемлекеттік органдар жұмысының айқын және ақпараттық тұрғыдан ашық болуын қамтамасыз ету; қоғамдық пікірге үнемі мониторинг жүргізу қажет.

Этносаралық қатынас саласындағы саясат

Этносаралық қатынас саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін: бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын қоғамда дәріптеу; қоғамдағы этносаралық келісім мен толеранттықты нығайту; ұлтына, нәсіліне және басқа да белгілер бойынша кемсітудің барлық түріне түбегейлі қарсы тұру; Қазақстан халқы Ассамблеясын этносаралық келісім саласындағы негізгі институт ретінде дамыту; мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтық қоғам ин-

ституттары этносаралық қатынастар саласында өзара тиімді іс-қимыл жасау; этносаралық қатынас саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау қажет.

Дін саласындағы саясат

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін: мемлекетті дамыту ісінде зайырлылық қағидаттарын тұрақты түрде ілгерілету; конфессияаралық келісімді және дінаралық толеранттықты нығайту; дінді деструктивті мақсаттар үшін пайдалануға және діни наным-сенімді ұстануға біреуді мәжбүрлеуге жол бермеу; діни радикализм мен экстремизм насихатына қарсы тұру; дін саласындағы ахуалға сапалы мониторинг жүргізу және талдау жасау керек.

Мәдени-гуманитарлық саясат

Мәдени-гуманитарлық саладағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін: қоғамда жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын, білімге құштарлықты ілгерілету, ғылымды дәріптеу; қоғамның құқықтық, қаржылық, саяси, цифрлық, ақпараттық және экологиялық сауатын арттыру; мемлекеттік тілді және оның халықты ұйыстырушы тіл ретіндегі әлеуетін дамыту; Қазақстандағы барлық этностың тілдерін дамытуға қолайлы жағдай жасау; мәдениетті, әдебиетті және өнерді дамыту, сондай-ақ креативті индустрияны қолдау; елдің тарихи-мәдени және деректер мұраларын сақтау; ономастика және тарихи-мәдени монументтік өнер саласындағы рәсімдерді жетілдіру; тіл саласын, тарих пен ономастика мәселелерін саясиландыруға жол бермеу қажет.

Отбасы саясаты

Отбасы саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін: отбасы институтын нығайту және отбасы құндылықтарын қолдау; жауапты ата-ана идеясын дәріптеу; тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; отбасы саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

Жастар саясаты

Жастар саясатының тиімділігін қамтамасыз ету үшін: жастардың зияткерлік және жеке әлеуетін дамыту, олардың қоғамдық және экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау; патриоттық тәрбие беру жүйесін дамыту, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды дәріптеу, жауапты азамат болу идеологиясын және Отан тағдырына жанашырлық сезімін күшейту; жастарды волонтерлік және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға ынталандыру; жастар арасында жасампаздық құндылықтарын және өмірге деген құлшынысты дәріптеу; жастардың жағымсыз қылықтарға, соның ішінде нашақорлыққа, маскүнемдікке, ойынқұмарлыққа, озбырлық пен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, вандализмге, ысырапшылдыққа қарсы тұруы; мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне жастар өкілдерін белсенді қатыстыру қажет.

Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету үшін: еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ағартушылық, ғылыми-танымдық және тәрбиелік мәні бар сапалы контентті да-

мыту; мемлекеттік органдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын жетілдіру; журналистік этиканың жалпыға ортақ қағидаттарын дәріптеу, ақпарат кеңістігіндегі кез-келген заңсыз әрекеттің таралуына қарсы іс-қимыл жасау; деструктивті идеологияның және үгіт-насихаттың, жалған ақпараттың таралуына жол бермеу; масс-медиа саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

4-тарау. Ішкі саясатты іске асырудың институционалдық негізі

Ішкі саясат саласындағы жұмысты үйлестіруге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жауапты болады.

Орталық деңгейде ішкі саясатты жүзеге асыру ісінде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Үкімет Аппараты, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және олардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық бөлімшелері басты рөл атқарады.

Жергілікті жерде ішкі саясатты жүзеге асыруға барлық деңгейдегі өкімдер, сондай-ақ өкімдердің ішкі саясат жөніндегі орынбасарлары және басқа да уәкілетті жергілікті атқарушы органдар жауапты болады.

Ішкі саясатты жүзеге асыру барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ұлттық құрылтай, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы қоғамдық палата, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер және Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті, Үкіметі және жергілікті атқарушы органдары жанындағы басқа да консультативтік-кеңесші органдар маңызды рөл атқарады.

Жекелеген бағыттар бойынша ішкі саясатты жүзеге асыру мәселелерімен Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми, шығармашылық және кәсіби бірлестіктер мен одақтар өз құзыреттері мен өкілеттіктері аясында мемлекеттік органдармен бірлесе отырып айналысады.

Қорытынды

Ішкі саясаттың негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары жалпыұлттық сипатқа ие және оларды барлық мемлекеттік органдар өз қызметінде ескеруге міндетті.

Ұсынылған тәсілдер қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде негізгі бағдар болады.

Осы құжаттың ережелерін іске асыру ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, қоғамның және мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, әрбір азаматы біртұтас, жауапты және озық ойлы ұлттың өкілі саналатын Әділетті Қазақстанды құруға ықпал етеді.

Президент тапсырмаларын орындау: елімізде дәлгі және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының рекордтық өнімі жиналды

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отырысында 2025 жылғы егін жинау жұмыстарының қорытындылары туралы баяндады.

Ол өткен маусым ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсімін көрсеткенін атап өтті. Агротехникалық шараларды қатаң сақтау – жоғары өнімнің басты кепілі екеніне шаруалардың көбі көз жеткізді. Екі жыл қатарынан алынған нәтижелер өнімділіктің қолданылып жатқан технологияларға тікелей тәуелді екенін нақты дәлелдеп отыр. Осы жыл тек дәнді дақылдар бойынша ғана емес, сонымен қатар бұршақты және майлы дақылдар сияқты жоғары рентабельді әрі сұранысқа ие дақылдар тұрғысынан да рекордтық жыл болды. Бұл дақылдарда егіс алқаптарын әртараптандыру шеңберінде ерекше назар аударылды. Олар тек табысты емес, сонымен бірге топырақтың құнарын арттырып, ауыспалы егісті жақсарттады. Мысалы, бұршақ дақылдары топырақты азотпен байытып, кейінгі дақылдардың өнімділігін арттырады.

Сонымен қатар министр 4 млн тоннаға жуық арпа жиналғанын, бұршақ дақылдарының түсімі алғаш рет 1 млн тоннаға жеткенін

мәлімдеді. Майлы дақылдар бойынша бүгінгі күннің өзінде рекордтық 4,3 млн тонна жиналды және егін жинау жұмыстары жалғасып жатыр. Сондай-ақ 2,9 млн тонна картоп, 3,8 млн тонна көкөніс, 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Мақта жинау жұмыстары аяқталды. Тамшылатып суаруды қолдану нәтижесінде кейбір шаруашылықтар гектарынан 50 центнерге дейін өнім алды. Жалпы алғанда, орташа өнімділік 30 ц/га деңгейінде қалыптасып, 428 мың тонна шитті мақта жиналды – бұл өткен жылмен салыстырғанда 42%-ға көп.

Осыған байланысты өкімдіктерге мақта өсірудің дәстүрлі тәсілдерінен озық және тиімді технологияларға көшу бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

Министрдің сөзінше 1 қазаннан бастап 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына өтінім қабылдау басталды. Қарашаның екінші онкүндігінен бастап шаруаларға револьверлік кредит беру ашылады, бұл бір кепілдікпен жыл сайын несие алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар көлемі 250 млрд теңгеге жеткен жеңілдетілген лизинг бағдарламасы арқылы техника жаңарту қарқыны 6,5%-ға жетіп, екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы

техникасының тозуы 80%-дан 70%-ға дейін төмендеді. Негізгі астық өндіруші өңірлерде жүргізілген талдау агротехнологияларды сақтау мен өнімділік арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетті. Мысалы, барлық шаруашылықтардың шамамен 60%-ы гектарынан 15–30 центнер өнім алса, ал 8%-ы 30 центнерден аса өнім жинады. Осылайша, республика бойынша орташа өнімділік гектарынан 17 центнер деңгейінде қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға жоғары болды. Дегенмен, шаруашылықтардың шамамен 12%-да өнімділік әлі де төмен деңгейде (7–8 ц/га) қалып отыр. Аталған шаруашылықтар агротехнологияны жоғары деңгейде қолдану қажет.

Осыған байланысты министр өкімдіктер 2028 жылға дейін ауыл шаруашылығы жалпы өнімін екі еселеу жөніндегі Жол картасының көрсеткіштеріне жету мақсатында фермерлерді технологияны сақтауға ынталандыру жұмыстарын күшейтуі тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес астықты терең өңдеу бойынша 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар нәтижесінде нарықтан қосымша 2,5 млн тонна астық тартылатын болады. Астық сақтау

сыйымдылығы республика бойынша 30,7 млн тоннаны құрайды, оның ішінде лицензияланған кәсіпорындарда – 13,3 млн тонна, шаруаларда – 17,4 млн тонна. Жаңа өнімнен элеваторларға 7,7 млн тонна астық тапсырылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Сақтауға тапсырылған жұмсақ бидайдың 53%-ы жоғары сапалы, 35%-ы – төртінші сынып, 12%-ы – төменгі сынып және сыныпсыз астық.

Ведомство басшысының айтуынша келесі жылдың көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары басталып кетті. Егіс алқаптарын әртараптандыру бағдарламасы жалғасатын болады. Басымдық – жоғары рентабельді және экспортқа бағытталған дақылдарға беріледі, ал суды көп қажет ететін дақылдар көлемі қысқарады. Келесі жылдан бастап әртараптандыру көрсеткіштерін орындауға бақылау күшейтіледі. Сондықтан өңірлер қазірден бастап түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, егіс құрылымын алдын ала пысықтауы тиіс. Келесі маңызды бағыт – тұқымдық материалды сапалы дайындау.

Облыс өкімдіктерінің деректері бойынша, жалпы қажеттілік 2,3 млн тоннаны құрайды, оның 96%-ы дайындалған. Өкімдіктерге тұқым сапасын тексеруді қазірден бастау қажет. 2026 жылы 2,3 млн тонна минералдық тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Қажетті көлемдер бойынша келісімшарттарды уақытında жасап, қоймаларды дайындау қажет. Техниканы жаңарту да басты назарда. Келер жылғы жаңарту жоспары – 8%-ды құрайды.

Жетісулық шаруашылық жаңбырлатып суару технологиясы арқылы мал азығын өсіру жобасын қолға алды

Жетісу облысының Кербұлақ ауданында 1 мың гектардан астам жерге жаңбырлатып суару технологиясы енгізіліп, мал азығы өсірілмекші. Бұл ірі қара етін терең өңдеуге бағытталған үш кезеңнен тұратын іргелі инвестициялық жобаның алғашқы кезеңі ретінде іске асырылуда. Жобаның жүзеге асырылу барысымен өткен аптаның соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысып қайтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Агрохолдинг-Жетісу» ЖШС Кербұлақ ауданының Жоламан массивінде суармалы 1 мың гектар жерге жаңбырлатып суару технологиясын енгізіп, жоңышқа, дәндік жүгері, арпа, бидай егуді жоспарлап отыр. Сөйтіп жобаның бірінші кезеңінде тұрақты өсірілетін мал азығын тиімді суғаруға арналған замауи инфрақұрылым жасалуда. Қазір құрылыс алаңында электр және су құбыры желілерін тарту, жалпы сыйымдылығы 147 000 м³ болатын төрт жаңа резервуар салу жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталады деп жоспарланған.

Шаруашылықтың бүгінде 25 бірлік техникасы бар, соның ішінде трактор, фронталды тиегіш, комбайн, жүк көлігі, аспалы және тіркемелі жабдықтарды атауға болады. Оның айтуынша, жоба толық іске асырылғанда кәсіпорында автоматтандырылған жүйе орнатылады, заманауи цехтар, дайын өнімді сақтайтын және тасымалдайтын тоңазыту және логистикалық инфрақұрылым жасалады. Облыс әкімі өз сөзінде өңірде су үнемдеу технологиясын қолдану аясын кеңейту мен ауыл шаруашылы өнімдерін өңдеуге баса көңіл бөлінетінін айта келе, мұндай жобалардың өңір кәсіпорындарының шикізаттық модельден өндірістің толық циклына өтуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік беретінін айтты.

Жалпы Жетісу облысында бүгінгі күнде 36,1 мың гектар жерге су үнемдеу технологиясы қолданылады, соның 14,1 мың га - тамшылатып, 22,0 мың га - жаңбырлатып суару технологиясы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Достық ауылында «Келешек мектебі» ашылды

Жетісу облысы Алакөл ауданы Достық ауылында «Келешек мектебі» ұлттық жобасымен заманауи жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Алты жүз орынға арналған бұл білім мекемесі аталған жоба аясында тұрғызылған облыстағы екінші мектеп. Бұған дейін осындай 1200 орындық Панфилов ауданының Жаркент қаласында ашылған болатын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңа мектептің ашылуына арнайы барған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов ауыл тұрғындарын қуаныштарымен құттықтай келе оқушыларға оқуда табыс, мектеп ұжымының еңбектеріне жеміс тілеп, мектепке автобус көлігінің кілтін тапсырды.

Сол сияқты «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ұлттық жобаны іске асыру және өңірлік даму жөніндегі құрылыс департаментінің директоры Қайрат Өтегенов тілегін білдірді. Мұнан соң «VentKarkara service» құрылыс компаниясының директоры Еркін Ахметжанов мектеп директоры Айнагүл Садиеваға мектептің символдық кілтін ұсынды. Осыдан кейін қонақтар, жалпы жиналған қауым мектептің ішін аралап көрді. Бұл жаңа мектеп талапқа сай жабдықталған, мұнда оқушылардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Жаңа пән кабинеттері, робототехника, лингвистика кабинеттері, STEM зертханасы, кітапхана, шеберхана, хореография залы, асхана және басқа да қажетті сыныптар мен залдар қарастырылған. Мектепте 59 мұғалім жұмыс істейді. Солардың ішінде жаңадан оқу бітіріп келген жас мамандар да бар. Ата-аналар қауымы да жаңа мектептің салынғанына дән разы.

Жалпы Жетісу облысында Бүгінгі күні облыста 6 мектептің құрылысы жүргізілуде, соның 3-еуі биыл қолданысқа беріледі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қазақстанның жаһандық инвестициялар жөніндегі дөңгелек үстелі (KGIR-2025) аясында Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатовтың жетекшілігімен өңір делегациясы шетелдік компаниялармен бірқатар кездесулер өткізді. Келіссөздердің нәтижесінде жалпы сомасы 34 млрд. теңгеден асатын, 800-ге жуық жұмыс орнын құратын екіжақты ынтымақтастық туралы төрт меморандумға қол қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Халықаралық серіктестік: Жетісулық делегация Бельгия, Қытай, Пәкістан инвесторларымен келісімдер жасасты



Атап айтқанда, бұлар - Бельгия, ҚХР, Пәкістан инвесторларымен бірлескен «Envision KKS» ЖШС-ның «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында жел генераторларын (WTG) және энергия сақтау жүйелерін (BESS) өндіретін зауытының құрылысы, «Каусар-Карго» ЖШС-ның Панфилов ауданында халықаралық автовокзал салу жобасы, «STS Jetisu» ЖШС-ның «Талдықорған» индустриялық аймағында SPC үлгісіндегі еден жабынын шығаратын зауытының құрылысы, «Saron Kazakhstan» ЖШС-ның «Нұр жолы – Қорғас» өткізу пунктінде айналма жол мен көлік-логистикалық орталықтың құрылысы жөніндегі жобалар.

Ал қытайлық инвесторлар облыс аумағында екі жобаны іске асырмақшы. Мәселен, «Каусар-Карго» ЖШС өкілі Лун Шуңциннің айтуынша, компания Панфилов ауданында көлік-логистикалық хаб жобасын жүзеге асыра бастайды. Яғни халықаралық автовокзал, уақытша сақтау қоймасы, газ-турбиналық станция, сауда-ойын-сауық орталығы сияқты бірқатар нысандарын салады. Сол сияқты «Envision KKS» ЖШС «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында жел генераторларын өндіретін зауыт жобасын қолға алуда. Жаңа зауыт ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және жаңартылатын энергия көздеріне арналған жабдықтарды импорттау тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жобалау мен өндіруден бастап жаңартылатын электр станциялары мен энергия сақтау жүйелерін пайдалануға дейінгі кешенді техникалық қолдауды қамтамасыз етеді.

Жалпы осы жылдың өткен тоғыз айында облысқа тартылған инвестиция көлемі 330,3 теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,7 % артты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісу облысында соңғы 3 жылда 32 жаңа спорт нысаны салынып, 3 объект күрделі жөндеуден өтті

Жетісу облысында соңғы 3 жылда спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында 32 жаңа спорт нысаны салынып, 3 нысанға күрделі жөндеу жүргізілді. Биыл 1 мың адамға шаққанда халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейін 66,8%-ға жеткізу жоспарлануда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, өңірде жалпы саны 35 спорт мекемесі бар, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған 23 спорт мектептерінде 57 спорт түрі бойынша 21 568 спортшы шұғылданса, облыс көлемінде 59 аккредиттелген спорттық федерациялар қызмет атқарады. Биыл жан басына шаққандағы спорттық тапсырыс бойынша 160 спорттық секцияда 6183 бала спортпен шұғылданады. Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындардың саны 292 504 адамға жетті, бұл облыс халқының 42%-ы деген сөз.

«Осы орайда 2025 жылы 8 спорттық нысанның құрылысын жүргізуге қаржы бөлінді, олардың 1-еуі қолданысқа берілді, 7-еуі жыл соңына дейін аяқталады. Бұдан бөлек 5 футбол алаңының құрылысы жүргізіліп, оның 3-еуі Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарында қолданысқа берілді. Сонымен қатар жеке инвестор есебінен Қаратал ауданы Көлпе ауылында блокты-модульдік үстел теннисі кешені ашылды», - дейді басқарма мамандары. Атап өтсек, жыл басынан бұқаралық спортты және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 4 614 іс-шара ұйымдастырылып, 108 мыңдай адам қамтылған.

Жалпы 2025 жылдың он айында облыс спортшылары барлық деңгейдегі жарыстарда 1 046 медаль, яғни 387 алтын, 319 күміс, 340 қола жеңіп алды. Сондай-ақ биыл 9 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 57 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 677 спорт шеберіне үміткерлер және бірінші спорттық разрядтағы 204 спортшы дайындалды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Құс етін өндіретін жаңа кәсіпорын ашылады

Жетісу облысының Көксу ауданында жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның қуатын арттыру және жаңа жобаларды қолға алудың арқасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесі көтеріледі.

Атап айтқанда, Көксу қант зауытын қайта жаңғыртудың нәтижесінде оның өңдеу қуаттылығы тәулігіне 5 мың тоннаға жеткізілсе, алдағы жылдарда құс етін өндіретін «Beles Agro KZ» ЖШС-нің қуаты жылына 15 мың тонна болатын инвестициялық жобасы жүзеге асырылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Көксу ауданының тұрғындарымен кездесуі

барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ауданда ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруге үлес қосып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған үш ірі кәсіпорын бар. Атап айтқанда, оның алғашқысы бүгінгі күні шикізат қабылдау және өңдеу жұмыстарын жүргізіп жатқан Көксу қант зауыты болса, екіншісі майлы дақылдарды өңдейтін «Ұыз Май Индастри» ЖШС, қазіргі кезде серіктестік 10,5 мың тонна майбұршақ қабылдап, оның 2,2 мың тоннасын қайта өңдеуден өткізді. Ал үшіншісі – Еңбекшіқазақ ауылындағы «Көксу СМ» сүт зауыты («Арқабаев» ЖК). Кәсіпорын

жылына 12 мың тонна сүт өңдейді. Шикізатты Көксу, Кербұлақ, Ескелді аудандарынан алады.

Атап өтсек, биылғы тоғыз айда Көксу ауданының экономикасына 13,6 млрд. теңге инвестиция тартылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.





Аудан тұрғындарымен кездесті

тоқталды.

Өз кезегінде Ғалымжан Қанатұлы ауданның тіршілік-тынысына қысқаша шолу жасады. Экономикалық дамудың негізгі бағыты ауылшаруашылық болып табылады, соның ішінде басым бөлігінде қант қызылшасын, дәнді дақыл, май дақылдары өсіру. Ауданда суғармалы жер игеру дамыған. Қой шаруашылығы, етті және сүтті мал өсіру, жылқы шаруашылығы дамыған. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ауданымыздың дамуының негізгі көрсеткіштерінде оң өзгеріс байқалады. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар 24 млрд. 099 млн. теңгені, құрылыс



Өткен сейсенбі күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында Жетісу облысының прокуроры Бауыржан Жұмақанов аудан тұрғындарымен кездесті.

Жиынға аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев төрағалық етіп, ауданымызға тұрғындармен кездесіп, жеке мәселелерін тыңдау үшін Жетісу облысының прокуроры Жұмақанов Бауыржан Альбертұлының арнайы жұмыс сапарымен келіп отырғандығын жеткізді.

Бауыржан Альбертұлы кіріспе сөзінде өңірде орын алып отырған қылмыс түрлері жайында қысқаша айтып өтіп, Сарқан ауданының прокуроры Марат Қасымов заң мен тәртіп тұрғысында атқарылып жатқан қылмыстың алдын алу бағытындағы шараларға кеңінен



жұмыстарының көлемі 29 млрд. 220 млн. теңгені құрады.

Аудан әкімі сонымен қатар биылғы жылдың 9 айындағы бөлшек тауар айналымын, шағын және орта бизнес субъектілерінен бюджетке түсетін салық түсімдерін өз сөзіне арқау етті.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков сөз алып, облыс аумағындағы заңдылықты қадағалайтын Жетісу облысының прокуроры Жұмақанов Бауыржан Альбертұлының жұмысына сәттілік тіледі.

П.ЖЕҢІСХАН.

Көтерілген мәселе көлеңкеде қалмайды

Жуырда Сарқан ауданы әкімдігінің мәжіліс залында Жетісу облыстық Қоғамдық кеңесінің көшпелі отырысы болды. Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Жомарт Игіман жиналғандарды күн тәртібімен және кеңес құрамымен таныстырып, отырысты облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Әсет Қыдырманов жүргізді.

Жиын ресми баяндамасыз, ашық әңгіме түрінде өтіп, ауданда, ауылдарда көрініс тауып келе жатқан өзекті мәселелер көтерілді. Көшпелі отырыста Жетісу облысы бойынша Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық өкілдігінің жетекшісі Қанат Қарымсақов, «Тамшыбұлақ» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жанат Түлемисова және Жетісу облысы бойынша Қазақстан Халықтық партиясы филиалының төрағасы Олжас Ибраимов қоғамдық жұмыстардың ашықтығын арттыру және тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, өткізілген отырыстар мен іс-шаралар туралы материалдарды тұрақты түрде жариялап отыру барысындағы іс-тәжірибелерін ортаға салды.

бір мәселе спортқа қолжетімділіктің жоқтығы. Көптеген спорт кешендері салынып жатқанымен, олардың базасында спорттық секциялар жүйелі жұмыс жүргізбейді. Жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, салауатты өмір салтын ұстануы үшін спорттық үйірмелер мен секциялардың санын да, сапасын да көбейту басты мақсат.

Жиын барысында Сарқан аудандық аналар кеңесінің төрайымы Күлшарбан Қалиева ауыз су бойынша көптің көкейінде жүрген сауалды ортаға салды. Алмалы ауыз су жүйесін қайта жаңғырту бойынша мемлекеттік сараптамадан өтіп, оң қорытынды берілді. Жоба құны 1 млрд 400 млн 265 мың теңге. Қорытынды 12.09.2024 жылы берілді. Екіаша ауылында ауыз су жүйесін қайта жаңғырту бойынша ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік



теңге. Әзірленген бюджеттік өтінімдер Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасына тапсырылды.

Әсет Серікқалиұлы бұл мәселенің облыс деңгейінде таныс екендігін, мұндай күрделі жобалардың жүзеге асуына ықпал тигізуге қадам жасалатындығын атап көрсетті.

Келесі сұрақты ғылым және білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестігі Сарқан аудандық филиалының төрағасы Ермек Алинов көтерді. «Сарқанирригация» СШ МКК-ны 2025 жылы 54 шаруа қожалығымен 9737 га суғармалы жерге 73,1 млн.куб.көлемінде суды жеткізуге субсидиялық келісім-шартқа отырған болатын. Субсидия көлемі 15 млн теңгені құрады, бюджет қаражатының тапшылығына байланысты, қажетті қаражат әлі күнге бөлінбеді. Сұрақ қоюшы осы мәселе бойынша Жетісу облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 2025 жылдың 28 тамызындағы № 33-01-12/845-И хатын сауалына арқау етті.

«Жетісу облысы бойынша жергілікті агроөнеркәсіптік кешені және ММ қызметкерлері кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Сарқан филиалының төрағасы Нұрахмет Маткаримов агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне субсидия беру бойынша мәселе көтерді. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын лизингке алу кезінде сыйақы мөшерлемелерін субсидиялау

«ГосАгро» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы субсидия түрлерін қарау және төлемдерді жүзеге асыру Жетісу облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының құзыретіне кіреді. Алайда, республикалық бюджет қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты 2023-2025 жылдар аралығында Сарқан ауданы бойынша шамамен 109 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге жалпы сомасы 524 млн 134 мың теңге көлеміндегі субсидиялар уақытылы төленбей отыр.

Жеке кәсіпкер, іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Кенжетай Тазабекованың «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша қойған сауалы да өзекті болды. Сарқан ауданы бойынша 2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 124,7 млн. теңгеге 15 өтінім мақұлданған болатын (оның ішінде 9 өтінім мал шаруашылығына 75,7 млн теңгеге, өзге де бағыт бойынша 6 өтінім 49 млн теңгеге). Алайда, қазіргі таңда республикалық бюджеттен қаражат бөлінбеуіне байланысты 15 өтінімнің 5 өтініміне ғана (42 млн 850 мың теңге) төленді, қалған 10 өтінімге қаражат берілмей тұр.

Көкейкесті сауалдарға нақты жауап қайтарылып, ұсыныстар тиісті орындарға жеткізіліп, көшпелі отырысқа арқау болған басқа да сауалар мен ұсыныстардың орындалуы қадағаланатын болады.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Қоғамдық кеңес мүшелерінің әлеуметтік салада жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобаларға қатысып, олардың іске асуына белсенді түрде атсалысуына мүмкіншіліктері бар екендігі осы жиында тағы да атап көрсетілді. Қазіргі таңдағы тағы да

сараптамаға өткізілді. Қорытынды беру мерзімі 2024 жылдың қазан айы. Жоба құны 1 млрд 633 млн 988 мың теңге. Сарқан ауданы Қойлық ауылына ауыз су жүйесін қайта жаңғырту бойынша ЖСҚ әзірленіп мемлекеттік сараптамадан өтті. Жоба құны 2 млрд 438 млн 916 мың

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету мәртебі

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 маусымда № 20790 19 қазан 2021 жылы өзгерістер енгізілген «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидасы» негізінде «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне сәйкес мемлекеттік архивте жеке және заңды тұлғаларға қағаз тасымалдағыш арқылы өтініш беру жүзеге асырылатыны көрсетіледі.

Архивте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1. Архивтік анықтама – ұйымның хат бланкісінде жасалған, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты жасауға негіз болған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлері мен парақ нөмірлері көрсетілген осы ақпаратты қамтитын, заңды (түпнұсқа) күші бар құжат;

2. Архивтік көшірме – архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, ресімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз

көрсететін көшірме;

3. Архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат;

4. Цифрлық құжат – мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және өзге де қызметтерді электрондық нысанда алу үшін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде цифрлық құжаттар сервисімен қалыптастырылатын қажетті электрондық құжат.

Келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері 11 (он бір) жұмыс күні ішінде жауабы беріледі.

Құжаттар мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік сақтаудағы құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап жауапты орындаушы құжаттар 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті сұратылған құжаттардың мемлекеттік сақтауда жоқ екендігін кешіктірмей тиесілігі бойынша сақталатын қажетті архивтік құжаттар басқа мемлекеттік немесе ведомстволық

архивке жіберілетіні туралы көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады.

Сарқан филиалында – әлеуметтік-құқықтық сипаттағы, яғни – азаматтардың еңбек өтілін, жалақы мөлшерін, білімін, марапатталғанын және сондай-ақ басқа да мәліметтерді растау туралы архив анықтамасы немесе олардың болмауы туралы жауап немесе архивтік құжаттардан куәландырылған архивтік көшірмелер мен үзінділер, жергілікті әкімдіктің жер беру туралы шешімдер мен қаулылары және де тағы басқа мәліметтер архивтік анықтама ретінде беріледі.

Сарқан филиалы бойынша қазіргі таңда әлеуметтік-құқықтық сұранысы 2025 жылдың 9 айлық есептік кезеңде (2809) сұранымдар орындалды.

Яғни, архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру қолда бар барлық мәліметтерді толық уақытылы орындап, жауап берілуді өз назарында ұстайды.

3.ТЮЛЮБЕКОВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлық ең біріншіден еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі..

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жәшік орнатылған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Б.САҒЫНҒАЛИЕВА,

рекреация, экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін, азаматтардың билікке деген сенімін төмендететін және экономикалық өсуді тежейтін жағымсыз құбылыс. Қазақстанда мемлекеттік органдардың ашықтығын күшейту, адалдық пен әділдікті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нақты принциптері жатыр.

1. Заңдылық және жазаның бұлтартпастығы.

Әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметін заңға сәйкес орындауға міндетті. Сыбайлас жемқорлық әрекеті үшін жауапкершілік лауазымына қарамастан міндетті түрде қолданылуы тиіс.

2. Ашықтық және жариялылық.

Мемлекеттік органдардың қызметі қоғам үшін түсінікті және қолжетімді болуы керек. Электрондық мемлекеттік қызметтер, ашық бюджеттер, деректердің қолжетімділігі адам факторын азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

3. Алдын алу шаралары.

Сыбайлас жемқорлықты анықтаудан гөрі, оны болдырмау маңызды. Ол үшін артық бюрократиялық рәсімдер қысқартылып, қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен жауапкершілігі арттырылады, түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізіледі.

4. Қызметтік әдепті сақтау.

Мемлекеттік қызметші қоғамға үлгі болуы тиіс. Әдеп нормаларын сақтау – халықтың сенімін нығайтып, адал қызмет етуге жол ашады.

5. Қоғамның қатысуы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Азаматтық қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары мен белсенді азаматтардың бақылауы маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлықты тек жазалау арқылы жеңу мүмкін емес. Бұл үшін мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысы, әр адамның жауапкершілік сезімі қажет. Адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын сақтай отырып қана тиімді және әділетті мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға болады.

Ж.КЕНЖЕБАЙ,
"Жоңғар Алатауы" МҰТП
бас бухгалтеры.

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2024 жылдан 2025 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйіне жоспарлы талдауды аяқтады.

Талдаудың мақсаты – бәсекелестіктің даму деңгейін анықтау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау, сондай-ақ үстем жағдайды теріс пайдалануды қоса алғанда, монополияға қарсы заңнаманы ықтимал бұзу белгілерін анықтау.

Талдау қорытындысына сәйкес, Талдықорған қаласының географиялық шекараларында пошта байланысы бандерольдер мен сәлемдемелер қызметтерін көрсету нарығы жоғары шоғырланған (I тип) болып табылады. Аталған нарықтағы бәсекелестік деңгейі төмен (дамымаған) деп бағаланады.

Цифрлық Қазақстан



"Цифрландыру Қазақстанның басты бағыттарының бірі". Цифрлық технологиялар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жалпы халық үшін қолжетімді, ыңғайлы және тиімді етуге, сондай – ақ мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығының арттырылуын қамтамасыз етуге арналған.

Бүгінгі таңда цифрландыру өзін - өзі ақтайтын ғана мақсат болып табылмайды. Оны жүзеге асыру барысында көзделетін меже, тиімділікті, өнімділікті арттыру, өмір сапасын жақсарту, цифрландырудың мақсаты цифрлық технологияларды енгізу арқылы қоғам өмірі мен экономика тіршілігінің әртүрлі салаларын трансформациялауға бағытталған. 2017 жылы қолға алынған еліміздің "Цифрлық Қазақстан" ұлттық цифрлық трансформация стратегиясының мақсаты - халыққа өркениет игіліктерін қолжетімді ету. Басқаша айтқанда, бұл цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды кешенді бағдарлама болып табылады. Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр, бүгінгі таңда Қазақстан цифрлық технологиялары мейілінше озық дамыған елдердің қатарына қосылу мақсатын белсенді түрде алға қойып отыр.

Электрондық құжат айналымы цифрлық экономиканың негізі, бухгалтерлік есепті цифрландыру, ақпараттың жоғалып кетпеуін, құпия деректерді қорғауды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда "Жетісу облысының мемлекеттік архиві" КММ - нің Сарқан филиалы 2019 жылдан бері құжаттарын цифрландыруда.

Р.ОРАЗАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ – нің Сарқан филиалының ақпараттық технологиялар архивісі.

Жомарт ИГИМАН

Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді болса, жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Топонимика ғылымы жер-су атауларын зерттей отырып, бөгде тілден енген сөздердің мағынасы арқылы атаулар ақиқатын ғылыми негіздейді.

Балқаш атауын кейбір зерттеушілер ертеде «су» мағынасын берген «балық» сөзіне – аш жұрнағы қосылуы арқылы жасалған деген болжам ұсынады. В.В. Радлов пікірі өзгеше, ол қазақ тіліне ертеден тән – «сазды» төмпешіктері бар былқылдақ, батпақ мағынасын беретін «балқаш» сөзімен байланыстырады. Бұл пікірді телеут, құманды, алтай тілдерінің деректері анықтай түседі. Оларда: «палхаш» тұлғалы сөз «лай, балшық, тұнба» мағыналарында қолданылады. Демек, Балқаш көлі бастауын батпақты көлден алған.

Лепсі өзені атауының шығу тарихы туралы бұдан бұрын айтылған екі пікір бар. Солардың бірі – лапылдап қатты ағатын өзен болғандықтан кейін дыбыстық өзгеріс нәтижесінде «лап» – тан «леп»-ке айналған. Екіншісі – көне түркілердегі сай, өзен, сала, жыра мағынасында қолданылған «лаба-лапа» сөздеріне «су» тұлғасы қосылу арқылы «Лепсі» пайда болған дегенді айтады.

Кейбір түркі тілдері, содан туыстас басқа да тілдердің дерегін көлденең тарта отырып, біз өз топшылауымызға жол беріп көрелік. Қазір түркі тілдері ішінде: құмықша «лап», тува тілінде – «ылап», ал моңғол тобына жататын қалмақ тілінде – лавта сөздері біздің қазіргі түсінігіміздегі толық, толы мағыналарына ие. Міне, осы тұлғалар кейінгі уақыттарда қазақ тілінде «леп» дыбысты құрамға дейін өзгеріске ұшырағанда басқа авторлар көрсеткендей, «су» сөзінің құбылған түрі қосылып, «Лепсу» - «Лепсі» тууы заңды. Сонда бұл «толық сулы өзен» дегенге меңзейді. Су деңгейі көктемде және жазда, жылына екі рет көтерілетін өзен арнасының суы толық болатыны түсінікті. «Лепсі» сөзіне төркін болуға лайықты басқа да деректер жоқ емес. Мысалы, Чуваш тілінде «Леп» дыбыстағы құрамды сөз «жылырақ», ал «леп шыв» тіркесі «жылылау су» мағынасында қолданылады. Сонда «Лепсіміз», «Жылы сулы» өзен болмақшы.

Осылай жер-суымыздың атауын зерделеу арқылы тарихымызды тануға ұмтылыс жасаудың пайдасы зор. Жер тарихын білу еліміздің өткенін білуге құлшындыра түсетіні сөзсіз.

Жетісудың жеті өзенін ғалымдар ғана емес, көпті көрген көнекөз қарттар да әр түрлі айтады. Энциклопедия мәліметтеріне жүгінсек қазіргі Жетісудың аумағы «Солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жоңғар Алатауы, оңтүстігі және оңтүстік батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі». Жетісуға құятын жеті өзен де кім айтса да Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерін Жетісу құрамына күмәнсіз қосады.

Жер-судың аты – тарихтың хаты



Жетісу сөзінің мәнінде жеті өзен емес, суы мол, қасиетті жер деген ұғым бар дейтіндердің пікірі көпшіліктің көкейіне жағады.

Жетісу жерінің киелі өзендерінің бірі – Лепсі. Ұзындығы 418 км. басын Сарымсақты және Ағынықатты деген екі өзеннің суы құрайды. Осы екі өзен де Ешкіөлмес тауының оңтүстік жағынан басталып, содан солтүстікке қарай бұрылып, Ешкіөлмес тауын қақ жарып өтіп, Қарғалы аңғарына шығады. Сол арада оған Қарғалының суы қосылады. Қарғалы басын Қоңыртас тауынан алады да басталар тұста Теректі аталады. Лепсіге басын Саусақты тауынан алатын Ащыбұлақ суы және суы мол Басқан өзені құяды. Басқан әуелі Басқан атты көлге құйып, ол көлден шыққан соң Сарыбұлақ аталып барып, Лепсіге сол жақ бүйірінен қосылады. Басқан мен екі ортадан Қаражиде аталатын кішкене өзен келіп құяды. Біз бұл деректі Бексұлтан Нұржекеевтің 1984 жылы жарық көрген «Өзендер өрнектеген өлке» кітабынан алып отырмыз.

Жетісу облысы көлге кедей емес. Жеке иемденбесе де шұрайлы бір бөлігі еншісіне тиген ежелгі Балқашы

бар. Балқаш – аумағы жағынан Қазақстандағы Каспий мен Аралдан кейінгі үшінші үлкен көл. Ең терең жері 26 метр екен. Көлемі құбылмалы, ұзындығы 605 км, ал ені шығыс бөлігінде 9-19 километрге, батыс бөлігінде 74 километрге жетеді. Оған Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Аякөз өзендері құяды. Өзінен шығатын өзен жоқ, тұйық көлге жатады. Басарал, Тасарал деген екі үлкен аралы бар. Ол Батыс Балқаш, Шығыс Балқаш болып екіге бөлінеді, олардың арасын Сарыесік түбегі бөліп жатады. Ал екі жақты бір-бірімен қосып жатқан ені 3,5 шақырымдық бұғазды Ұзынарал деп атайды. Судың минералдығы, тұздылығы Балқаштың екі жақ бөлігінде екі түрлі. Мұнда балықтың 20-дан астам түрі бар.

Балқаш көлінің айналасына келіп Қазақстанның үш облысының аумағы тіреледі. Балқаштың жалпы тұрқы садақша иілген имек. Әуелі оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып барады да, Сарыесік түбегіне жақындағанда Батыстан Шығысқа қарай бұрылып, көлденеңінен көсіледі. Сарыесікке дейінгі оңтүстік бөлігі өте енді келеді, ал жоғарғы жақ бөлігі одан екі еседей жіңішке.

Балқаштың оңтүстік жақ шетінде де Алакөл аталатын шағын көл бар. Суының ащылығына бола оны жұрт ежелден «Ит ішпестің Алакөлі» дейді.

Балқаш көлі тарихи әдебиеттерде Си-Хой, Балкаси-нор, Көкше теңіз деп те аталады. Ал оның Балқаш аталуына байланысты ел аузында айрықша аңыз бар.

Ертеде біреудің Балқаш атты өте көркем қызы болады. Ақылды, ажарлы қыз бойжеткенде оған өзіне тең бір батыр жігіт ғашық болады. Бірақ байлық пен билік үстемдік еткен заманда жақсыны жақсыға қиған ба? Әлдебір әулеттің сақау баласы Балқашқа құда түседі. Оған туған –туыстары да әлдеқандай болып қуанысады. Қорланған қыз сүйген жігітімен бір түнде қашып кетеді. Ат мініп қашқан екеуі үлкен көлдің жағасындағы қалың қамыс ішін паналайды. Шағын бір жартастың жанынан ағаш қадап, қамыс жауып қос жасап алады. Жігіт қарусыз, құр қол екендігіне қарамастан кішкентай қолшоқпар жасап алып тоғай ішін аралайды. Сөйтіп жүргенде жігітті жыртқыш қабан қапыда жарып кетеді. Қайғы үстіне қайғы жамаған қаралы Балқаш сүйген жігітін жалғыз өзі зорға жерлейді. Қабірдің басында отырып жылап-жылап, күн батарда жартастың басына шықса, бір топ атты кісі суыт келе жатады. Жақындағанда бәрін таниды: өзінің туыстары, сақау «күйеуі» екен. Ағаштан тіккен қостың қасына келіп аттарынан түседі. Осы арадан ешкімді таппаған соң жартасқа қарай жүреді. Қыз құтылмасын біледі. Орнынан тұрып жартастың су шайып жатқан ернеуіне қарай жақындайды. Балқашты көрген қуғыншылар улап –шулап ұмтылысады. Сол кезде қыз тас басынан секіріп суға құлайды. Терең көл қызды тұңғыығына тартады да кетеді. Ару қызының атын халқы ардақтап, содан бері ол кеткен үлкен көлдің атын Балқаш қойса керек.



Атыңнан айналайын, Хақ Тағалам,
Ғаламға он сегіз мың жетер панам.
Жіберіп жоқтан бар қып,
пенде жасап,
Жаралған топырақтан - атам Адам.

Солардан бері қарай шежіре боп,
Көз жетпес өткеніне қанша заман.
Адамзат топырақтан тебіреніп,
Жаралған өз төнінен Хауа анам.

Топырақтан жаралыпты Адам бұрын,
Бейнесін топырақтан қылған порым.
Әуелі Адам пайғамбар болса-дағы
Алдымен жаратыпты расул нұрын.

Пайғамбар жүз жиырма төрт
мың тамам,
Расулдың өзін қылған ең ақырын.
Ат қойған «хабибім» деп,
досты қылып,
Жаратқан расул үшін барша құлын.

«Ұрығы—біз Адамның» деп айтады,
Бытыраған төңіректің төрт бұрышын.
Бұрын да сан әулие өткен сабаз,
Үзбеген шежірені жазған қағаз.

Рухы осылайша таралмақшы,
Өртүрлі шежіреден білсең, сұрай.
Мағаздан Смағұлды туғызады,
Туады,—деп айтады,—одан Қурай.

Қурайдан Аламанды туады деп,
Бір жазған шежіреден көрдім, солай.
Уақиға әр тарапқа кеткен шығар,
Кетеді түзу бастап бері қарай.

Найманнан арғы жағы жиырма ата,
Жігіттер, ойластырып көрсең, солай.
Ақшолпан Аламанның баласы екен,
Солардан қалған болдық тарай-тарай.

Жарылға туады екен Ақшолпаннан,
Сұрасаң, шежірелерді оқығаннан.
Бұрынғы өсіп келген ата-бабаң,
Кем емес дәрежесі мың-мың саннан.

Осыны бір адам жоқ көзі көрген,
Шежіре барша жанға үлгі берген.
Атамыз Жайылханнан Майқы туып,
Жамағат, жерің осы өсіп-өнген.

Біреуге білгенінді айтқан жақсы,
Ер жігіт, дәм айдаса, жаһан кезген.
Шежіре әртарапқа кеткен сөз боп,
Айтуы рас болса үлкендердің.

Жігіттер, Майқы биден туады Өзбек,
Дүние бірден келіп, бірден кеткен.
Білмейміз алдымызда не бар,
пенде жоқ ақырына көзі жеткен.

Туады бір енеден деген сөз бар:
Екеуі—Қазақ, Созақ Өзбектен.
Баласы Өзбектің—Қазақ, Созақ,
Харам ғой мұсылманға жеті тозақ.

Созақтан Ауар, Сәрсен—екі бала,
Жігіттер, Ауарынан нәсіл жоқ-ақ.
Сәрсеннен шежіреде Ноғай туып,
Атандық сол себептен Ноғай-Қазақ.

Бұзылып, жылдан-жылға
заман тозған,
Термелеп шежірені әркім жазған.
Атамыз Қазақбайдан туады Озған.


Озғанның Ұзақ және баласы екен.
Дүние тірі жанға тамаша екен,
Жамағат құлақ салып тыңдасаңыз,
Ұзақтың нәсілінен Алаш екен.

Білгенінді айтса жақсы, келсе кезі,
Алаштан үш арыс боп тарайды екен,
Халықтың үш жүз дейтін мысал сөзі.
Ұлы жүз үйсін туды Ақарыстан,
Жігіттер, үлкендерден естісеңіз.
Келімбет атаң туды Бекарыстан,
Туады Келімбеттен атаң Көсем.

Бұрынғы адамзаттан бері қарай
Ұрқынан Найманының ұлы атасы.

Негізі шежіре көп. Кезінде ата-бабаларымыз ұрпағының
құлағына сіңісті болсын деп өлеңмен кестелеп, термелеп
жеткізген екен. Осындай асыл мұраның бірі - Қаракерей
Мұрын Ақшайықтың өлең шежіресін назарларыңызға
ұсынамыз.

Үзбеген шежірені жазған қағаз



Көсемнен туады екен Сарманай,
Келеді арғы жағы бірталайдан,
Орыны имандының кең сарайдан.
Біреуі—Арғын, біреуі—өз атамыз.
Ақсопы, Ақжол туды Сарманайдан.

Тоқалдан Қоянбай, Жарғақ туып,
Кетіпті нәсіл қалмай Қоянбайдан.
Ақжолдан Қарақожа—екі бала,
Туады Ақсопыдан атам—Найман.

Найманның жалғыз ұлы Туаш атты,
Жасында Туаш мырза дүние салды.
Найман шалдың тоқсаннан
асқан кезі,
Бала жоқ, келіні Әлпіш жесір қапты.

Пендеде не шара бар, Тәңір қылса,
Кім қалар тағдырынан әмір қылса.
Данышпан—өзі ақылды, текті адам,
Келіні қайғырады, жатса-тұрса.

Жасы бар тоқсан үште Найман өзі,
Көрмейді ешнәрсені екі көзі.
Баладан енді бабаң күдер үзді,
Тарайды деп ойламаған одан бізді.

Ішінен Әлпіш сұлу ой ойлады,
«Атама алып берсем» деп
бір жас қызды.
Үйсіннің билерімен ақылдасып.
Бір қызды алып берді сұлу жүзді.

Тоқтының сүтін бөлек іркіт қылып,
Неше күн атасына құрт ішкізді.
«Атамның бел қуаты келді ме?» деп,
Күн тұра атасына қыз құшқызды.

Сол жерде шариятқа бабаң келіп,
Өзі өліп, Қызенейден ұл туғызды.
Баланың атын қойды Белгібай деп,
«Бір Құдай тілегімді берді ғой» деп.

Баланы Әлпіш өзі асырады,
«Атамнан жалғыз қалған белгі ғой»
деп.

Найманның Белгібайы ер жетіпті,
Баланы қайным деп Әлпіш күтті.

Бала әбден бәлиғатқа
жеткеннен соң,
Өзіне Әлпіш анаң неке оқытты.
Белгібай қыз айттырып, алды қатын,
Иманға жақсы ұрғашы болар жақын.

Әлпіштің көңіліне салған Құдай,
Осылай жоғалтпасқа Найман артын.
Атамыз Белгібайдан бір ұл туып,
Жігіттер «Сүгірші» деп қойған атын.

Екінші тағы да алды, қыз айттырып,
Еш адам жатқан емес сөзін бұзып.
Болыпты жас күнінде үш некелі,
Артында бала туса, болмай ма ұрық.

Тоқсұлу екіншісі—өз шешеміз:
Арт жағы қалың болды ұшан-теңіз.
Туады Тоқсұлудан Төлегетай,
Туады—деп және айтады,—одан
Қытай.

Қытайдың төрт баласы деп айтады:
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмейді балалары атын атай.
Жас бала үлкен әке қолында қап,
Атанған сол себептен Төлегетай.

Төрт ұлы Төлегетай түс көріпті,
Төртеуі әрбір түрлі іс көріпті.
Алдына атасының келіп тұрып,
Төртеуі атасына түс жорытты.

Үлкені Садыр айтты: «Боз ат міндім,
Жау-жарақ қаруымды қолыма ілдім.
Осылай, ата, менің көрген түсім,
Жекелеп топтан шығып жүр екенмін».

—Түсінде жүрсең, балам,
боз ат мініп,
Жау-жарақ, қаруыңды бөліңе іліп.
Бірталай өсіп-өніп ел боларсың,

Арт жағын болады екен жаугершілік.

Матай айтты: «Ту ұстап,
тұлпар міндім,
Түсімде қалың көшті бастап жүрмін.
Осылай, ата, менің көрген түсім,
Өзенге, үлкен алқап ел қондырдым».

—Қарағым, мен кәрімін, сен баласың,
Сен дағы толып жатқан ел боларсың.
Ел табаны ауғандай заман болса,
Қоныстың ең тәуірін сен табарсың.

Төртуыл: «Бақтым,—деді,—бір
қысырақ,
Жануар кете берді, тым бытырап.
Осылар, ата, менің көрген түсім,
Қайырып баға алмадым,
басын құрап».

—Түсінде бақсаң, жаным,
қысырақты,
Мекенің болмайды екен бір тұрақты.
Ел болып, бір-ақ жерде
тұра алмайсың,
Арт жағың болады екен бытыраңқы.

Айтады Қаракерей көрген түсін:
—Жүк артып қара нарға түнде
көштім.

Алдымнан қалың тоғай
кез боп қалып,
Жол тауып шыға алмадым,
соған түстім.
—Тоғайға жол таба алмай
қонып қалсаң,
Қарағым, көп болады мал мен басың.
Ұрқың талша көктеп өседі екен,
Ұйтқысы төрт баланың сен боларсың.

Бай болған Қаракерей салтанатты,
Бар еді жалғыз ұлы Байторы атты.
«Балаға ата сыншы» деген осы,
Бірталай бір өзінен жан тарапты.

Қамысқа қой суарып барған екен,
Бабамыз бір жас бала тауып апты.
Болмасын қос торының өзгелігі,
Ерторы болсын дейді мұның аты.

Жігіттер, осындайлық сөз тараттым,
Құдайым, өзің кешір, болса қатем.
Ерторыдан Қызылым деген
бала туып,
Байторыдан туады Мейрам атам.

Атамыз Мейрамнан туады Байыс,
Байсық туады екен Қызылымнан.
Жігіттер, Қызылымнан бір ұл туып,
Атанып «Сегіз-Найман» болған ұран.

Атамыз Сарымұрза Байыс ұлы,
Аз ғана әңгіме қылып, жаздым мұны.
Сарымұрадан Жолымбет
бабам екен,
Құдайдың қыдыр дарып, тиген нұры.

Жолымбет—бабам атын,
есімін айттым,
Атамыз Жолымбеттен жеті ұл туып,
Бәрінен Қаракерей болған өсім.
Жала ғып бір жиында танып алған,
Ақ Найман деп атайды ең кенжесін.

Баласы Жолымбеттің Қыдыражы,
Жаратқан соның бәрін, Тәңірім қазы.
Атасы Мырзаш, Тәуке—бір Әжіғұл,
Қалмұрат—жетеуінің болған азы.

Қарымсақ, бірі—Қоныс,
бірі—Төңірқол,
Қоныстап Тоқтағұл бай жалғыз туды.
Соларға қыдыр дарып төккен нұрын,
Құдайым Тоқтағұлға берген нұрын,
Бар екен төрт қатыннан тоғыз ұлы.
Төрт түлік малыменен—бәрі толық,
Құдайдың солар екен сыйген құлы.



БАЛТАМЫРДЫҢ БАБЫН ТАПҚАН

Тәуелсіздікпен бірге көгеріп-көктеп, айналасына шуағын төгіп, ізгі істерден шет қалмайтын «Абдрахимов» шаруа қожалығының атын естімеген ауданда адам жоқ шығар, сірә. Қашан да мақсатына жету жолында тынбай ізденетін Абдрахимов Мират Хаматайұлын ауылдастары осы мақсаткерлік қасиеті үшін құрмет тұтады. Ауданда алғашқылардың бірі болып аяғынан тұрған кәсіпкер 2003 жылдан бері шаруа қожалығын құрып, жер көлемін 3000 гектарға дейін ұлғайтып, жиырма бес адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Шаруасы шашау шықпайтын қожалықтың қолға алған ісін ілгерілететін 3 тракторы, 3 КамАЗ-ы, 1 ауыр автокөлігі, 1 жанармай тасымалдайтын көлігі, 5 «Класс» комбайны және ауыл шаруашылық агрегаттары бар. Жұмыс нәтижесі бойынша оның кәсіпкерлігі облыс шаруа қожалықтары арасында алдыңғы қатарда.

Бұл қожалық ауыл шаруашылығының өркендеуіне өзіндік үлесін қосуда. Отыз жылдан бері Мират Хаматайұлы тізгінін ұстаған шаруашылық елімізбен бірге есейіп, өркендеп-өсіп келе жатыр. Жыл



сайын егін шаруашылығымен айналысып, одан мол өнім алуды көздеген қожалықтың биылғы жылға деген жоспары да қомақты. Кейінгі жылдары басшылықты Мират ағаның бауыры Рафаэль Хаматайұлы өз қолына алған. Шаруашылық басшысының көмекшісі Фархат Миратұлының айтуынша былтырғы жылы қожалық алғаш рет 65 гектар аумаққа тәтті түбір сіңірсе, ағымдағы жылы Тополевка ауылында 35, Сарқан қаласында 65 гектар

алқапқа балтамыр сепкен. Күтімі, баптауы келіссе кез-келген дақыл мол түсім беретіні бесенеден белгілі жайт.

Бүгінде шаруа қожалығында 35 адам тұрақты түрде еңбек етіп, нәпақаларын тауып жүр. Тап қазір барлығы егіс даласында өнімді еңбек етуде. Мемлекет тарапынан шаруалардың жайын назардан түсірмей, қолдауларын білдіріп те жатады,- дейді Фархат Абдрахимов.

Алдыңғы жылдары Мират ағамыз ортақ іске үлес қосып жүрген жұмысшылардың тұрмыстық жағдайларына көңіл бөліп шаруашылықтың есебінен 11 баспана тарту етті. Соның ішінде асыраушысынан айрылған отбасыға демеушілік көмек көрсетіп келеді. Ал биыл көгалдандыруға өзіндік үлес қосып Талғар қаласынан арнайы 137 қарағай көшеттерін жерсіндіріп, айналаның абаттануына қол ұшын созды. Келешекте жас өскіндер тамыр жайып, жергілікті жердің топырағына бейімделіп, жайқалып өсетіні белгілі.

-Ауданда қант қызылшасын қазу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, мемлекет тарапынан шаруаларға көрсетілетін қолдаулар жасалып жа-



тыр. Шаруалар да аянып жатқан жоқ. Егін жинауда техника жеткіліксіздігі байқалмайды. Шаруашылықтар бірінде жоғын бірінен алып, өзара ымыраластықпен қарекет етуде. Биыл аудан диқандары 3801,6 гектар алқапқа қант қызылшасын екті. Тәтті түбірді жинау жұмыстары қазан айының 1-нен басталды. Бүгінгі күнге 751 гектар алқаптан орташа өнімділігі гектарына 462,2 центрді құрап, 34712,8 тонна жалпы түсім «Ақсу Қант» зауытына өткізілді, Ауа райы қолайлы болып, жауын-шашын жаумаса жұмысымыз да нәтижелі болып, ала жаздай еткен еңбек пен төгілген тердің өтеуі ақталады, - дейді ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық.

Осылайша елге, жерге берері мол қожалықтың бүгіні берекелі, ертеңі еңселі боларына ешкім күмән келтірмейді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ЕНПФ представил годовой актуальный отчет за 2024 год

Казахстан вступает в эпоху демографического старения и уже к середине века он войдет в категорию стран с очень высоким уровнем демографической старости: при ожидаемом росте населения республики к концу 2050 года до 26,5 млн человек каждый шестой житель страны будет старше 60 лет - доля людей пожилого возраста составит 18,8% от общего объема населения.

При этом количество получателей пенсионных выплат из ЕНПФ увеличивается почти в 4 раза за период с 2025 по 2050 годы - с 520 тыс. до почти 2 млн человек. Эти данные приведены в «Годовом актуальном отчете за 2024 год» (далее - отчет), опубликованном АО «ЕНПФ» (далее - ЕНПФ, Фонд). В нем отражены результаты комплексных актуарных расчетов и прогнозов, связанных с дальнейшим развитием пенсионной системы Казахстана.

Демографические изменения создают серьезные вызовы для системы пенсионного обеспечения. Именно поэтому одной из важнейших задач государства является формирование пенсионной системы, отвечающей международным стандартам и обеспечивающей достойные пенсионные выплаты. Эффективность системы оценивается по целому ряду показателей, анализируемых и прогнозируемых в отчете. Представленный годовой актуарный отчет является важным источником данных для государственных органов, экспертов и широкой общественности.

Демографические тренды

В первом разделе отчета описаны демографические изменения и их влияние на пенсионную систему. В отчете представлены демографическая ситуация на начало 2025 года и долгосрочные прогнозы до 2050 года, выполненные с применением стохастических и детерминистических моделей. Общие тренды таковы, что продолжительность жизни растет, уровень рождаемости снижается - по прогнозам, к 2050 г. повысится удельный вес пожилых граждан в структуре населения, тогда как численность трудоспособного

населения будет сокращаться. Эти изменения требуют повышения роли накопительного компонента пенсионной системы.

Пенсионная система Республики Казахстан

Второй раздел отчета посвящен описанию существующей многоуровневой пенсионной модели Казахстана, ее оценке в международных рейтингах, а также анализу оптимальных ставок пенсионных взносов для формирования адекватного пенсионного дохода. Приведены мнения экспертов, стоявших у истоков формирования финансового рынка и накопительной пенсионной системы в республике, о путях дальнейшего совершенствования системы.

Прогнозирование пенсионных потоков

В третьем разделе представлены результаты моделирования и прогнозирования пенсионных потоков, в частности освещены комплексная актуарная модель KazPRESTO и ее прогнозные результаты, моделирование демографии, рынка труда, пенсионных выплат за счет 10% обязательных пенсионных взносов. Прогнозные расчеты показывают устойчивый рост пенсионных потоков в накопительной системе в долгосрочной перспективе. Вместе с тем акцентируется внимание на необходимости контроля за политикой досрочного использования накоплений, повышения уровня регулярности взносов, охвата населения пенсионной системой, а также повышения эффективности инвестиционного управления, особенно при невысокой реальной доходности.

Годовой актуарный отчет ЕНПФ является важнейшим документом, позволяющим комплексно оценить текущее состояние и долгосрочные перспективы развития пенсионной системы Казахстана. Полученные выводы служат основой для выработки эффективных решений, направленных на повышение устойчивости пенсионной системы и адекватности пенсионных выплат.

• 101 ескертеді

Нысандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндет

Өрт қауіпсіздігі – әрбір мекеме мен ұйымның, өндіріс пен білім беру нысандарының, тұрғын және әкімшілік ғимараттардың басты талаптарының бірі. Өрттің алдын алу, адамдардың өмірі мен мүлкін қорғау – бұл тек өрт сөндірушілердің емес, барлығымыздың ортақ жауапкершілігіміз.

Нысандарда өрттің шығуына көбіне электр желілерінің ақауы, жылу құрылғыларының дұрыс қолданылмауы, өртке қарсы ережелердің сақталмауы себеп болады. Сондықтан әрбір қызметкер мен басшы өрт қауіпсіздігі талаптарын нақты білуі және қатаң сақтауы тиіс.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нысандарда келесі шаралар жүзеге асырылуы қажет: Өртке қарсы нұсқаулық өткізу және қызметкерлерді оқыту; Өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіш, гидрант, құм жәшігі, су қоры) үнемі тексеріп, дайын күйде ұстау; Электр сымдары мен жабдықтарын мерзімдік тексеруден өткізу; Қазандықтар мен жылыту құрылғыларын тек мамандар арқылы орнатып, пайдалану; Ғимараттың эвакуациялық жолдарын бос ұстау және апатты жағдайда шығу жолдарының белгілерін орнату.

Сонымен қатар, нысандарда өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық рейдтер, түсіндіру жұмыстары және оқу-жаттығулар тұрақты түрде өткізіліп тұруы тиіс.

Өрттің алдын алу – өз өмірімізге, ұжымымыздың амандығына деген қамқорлық. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы үлкен апаттың алдын алуға болады.

Ә.ҚАБДЕШОВ,
Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Шылым шегу кезіндегі абайсыздық – өрттің пайда болуы

Өрттің бірінші себебі адамдардың мас күйінде темекі шегу кезіндегі абайсыздығы болып табылады. Темекі шегу кезіндегі ұқыпсыздық үшін жаза тез келеді. Шылым шегушілердің негізгі қауымы рұқсат етілмеген жерде темекі шегу, сөнбеген темекіні тастау – белгілі бір уақыттан кейін тұрғын үйлерде жанатын заттар мен материалдардың тұтануына әкеп соқтыратын баяу әрекетті бомба екеніне есеп бермейді.

Спиртті ішімдік пен шылым өзара байланысты: ішкен адам әдеттегідей, шылым шегеді. Ал адамның мас күйіндегі жағдайы оның үйлесімділігін бұзады, ілтипаттылығын және жауапкершілік сезімін мұқалтады. Сөнбеген темекі бықсыған кезінде ағаш құрылымдардың, төсек жабдықтарының жануына әкеп соқтырады, өртте шылым шегушілер ғана емес, басқа адамдар да күрделі жарақат алып өліп кетуі мүмкін. Мас күйінде темекі шегу себебінен болған өрт, өрттің шығу себептерінің бірі деп айтуға болады, себебі мұндай жағдайда адамдар көбінесе тұншықтырғыш иісті газдан қаза табады. Оған қоса, өрттің бұл түрі алдын алу мүмкін еместігімен қауіпті болады. Мұның бәрі адамдардың сана-сезіміне байланысты. Өкінішке орай, шылым шегушілер өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтауға немқұрайлы қарайды, сонда көбінесе олардың бейқамдылығының құны – өздерінің өмірі. Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім аудан тұрғындарына мас күйіндегі шылым шегуімен байланысты жазатайым жағдайларды болдырмауға тек қана саналылық көмектесетінін ескертеді.

РАХМАРОВ,
ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

• Жолдау - өрлеу өзегі •

ИГЕРІЛМЕЙ БОС ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЙТАРУ БАҒЫТЫНДА ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану — ел экономикасын дамытудағы басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта аудан көлемінде игерілмей бос жатқан жерлерді анықтап, мемлекет меншігіне қайтару бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзінің биылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғап, таяу уақытта шешілуі тиіс шаруаларды нақты көрсетті. Соның бірі игерілмей жатқан бос жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, оны нақты мұқтаж, іскер жандарға үлестіру. Президентіміз бұл турасында «Жер — стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек. Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек».

2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл — анық нәрсе.

Сондықтан әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі керек. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс» деді. Бұл бағытта ауданымызда бірқатар жұмыстар жасалды деуге болады. Атап айтсам 2024 жылы 15606 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылса, биылғы жылы бүгінгі күнге дейін 9517 гектар жер қорға қайтты.

Сондай-ақ мемлекет басшысы айтқандай өңірімізде жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою бағытында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Ауыл шаруашылығына арқа сүйеген аудан болғандықтан тиімсіз пайдаланылып жатқан немесе бос жатқан жерлерді анықтау, беру мәселелерінде цифрлық технологияларды кеңінен қолдану жүргізілуде.

Қазіргі таңда біздің тарапымыздан жерді мақсатсыз немесе тиімсіз пайдалану жағдайлары арнайы мониторинг арқылы анықталып, тиісті шаралар қабылданауда. Бүгінге дейін бірқатар жер иелеріне ескерту беріліп, кейбір учаскелер мемлекет қорына қайтарылған.

Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығы саласын жандандырып, жаңа инвестициялар тартуға, сондай-ақ жер ресурстарын әділ және тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Жандос ӨМІРСАДЫҚ,

аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы.

Азаматтарды қабылдау — билік пен халық арасындағы алтын көпір

Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау — мемлекеттік органдар жұмысының басты басымдықтарының бірі. Осы орайда халықпен кері байланысты қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі — азаматтарды жеке қабылдау болып табылады.

Мемлекеттік органдардың азаматтарды қабылдауы — тек өтініш пен шағымдарды тыңдау ғана емес, бұл — халықпен тікелей диалог орнатудың, нақты мәселелерді шешудің жолы. Президент өзінің Жолдауларында халықпен ашық әрі тиімді қарым-қатынас орнату қажеттігін бірнеше рет атап өткен болатын. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы осы бағыттағы негізгі бағдар ретінде қабылданды.

Қазіргі таңда азаматтарды қабылдау дәстүрлі түрде әкімшілік ғимараттарда жүргізілсе, жаңа технологиялар дамуына байланысты онлайн қабылдау форматы да кеңінен қолданылып келеді. Бұл — шалғай ауылдардағы азаматтарға да өз мәселесін жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес, әр азамат өз өтінішін мемлекеттік органға еркін жолдап, толық және уақытылы жауап алуға құқылы. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар басшыларының жеке қабылдауы кесте бойынша ұйымдастырылады және ол ақпарат ресми сайттарда, БАҚ-та жарияланып отырады.

Азаматтарды қабылдау — мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін нығайтады. Әрбір қабылдау — нақты адамның тағдырымен байланысты. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші қабылдауға келген азаматтың мәселесіне жан-жақты, мұқият қарауы тиіс.

Азаматтарды қабылдау — жай ғана әкімшілік рәсім емес, бұл — ел ішіндегі тұрақтылық пен әділеттіліктің кепілі. Халықтың үнін тыңдай алатын билік қана шын мәнінде халықтық билік бола алады. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жетілдіру — мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

М.ДАУЛЕТІЯР,

ҚР БП ҚСЖАЕАК-нің Жетісу облысы бойынша департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің прокуроры.



Студенттер МӘМС жүйесінде

Қор филиалы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттерімен кездесті. Кездесу барысында студенттерге Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінің негізгі қағидаттары, сондай-ақ жүйе аясындағы олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

медициналық қызметтердің кең ауқымына қол жеткізе алады: бейінді мамандардың консультациялары; зертханалық және диагностикалық зерттеулер, соның ішінде күрделі диагностикалық әдістер - МРТ мен КТ; жедел және созылмалы ауруларды емдеу; жоғары технологиялық медициналық көмек, оңалту және т.б.



Сонымен қатар, оқу орнын аяқтағаннан кейін сақтандырылған мәртебесін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Еске сала кетейік, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңға сәйкес, жоғары оқу орындарының студенттері жеңілдікті санатқа жатады. Бұл санаттағы азаматтар үшін жарналарды мемлекет төлейді. Соның арқасында студенттер келесі

Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, ОСМС жүйесінің артықшылықтарын және өз денсаулығына қамқор болудың маңыздылығын тереңірек түсіне алды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Таза Қазақстан — болашаққа таза мұра

Былырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда.

Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық.

Осы жұмысқа атсалысып жүрген азаматтарға, әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіремін.

Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру — өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан.



Елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Таза Қазақстан» акциясы — табиғатты қорғауға бағытталған ең маңызды экологиялық бастамалардың бірі. Бұл шараның негізгі мақсаты — елді мекендерді, орманоғай мен өзен-көл жағалауларын қоқыстан тазарту, экологиялық мәдениетті арттыру және азаматтарды табиғатты аялауға үндеу.

Жыл сайын өтетін бұл акцияға ұлттық парк ұжымы, жергілікті тұрғындар мен еріктілер қатысып, таулы және орманды аймақтарда, өзен-көл жағалауларында тазалық жұмыстарын жүргізіп, парк аумағындағы демалыс орындарын, туристік бағыттарды ретке келтіреді.

Осы мақсатта «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы кеңінен жүргізіліп келеді. Акция барысында «Таза Қазақстан», «Таза Like» акциясы бойынша 74 акция өткізіліп, парк аумағынан 2,96 тонна қоқыс қалдықтары жинақталып, қоқыс алаңына шығарылды. Сонымен қатар табиғат жанашырларына табиғатты қорғаудың маңызы мен қоқысты сұрыптап тастауға экологиялық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мұндай іс-шаралар табиғатты сақтау мен экологиялық сана қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Жоңғар Алатауы — еліміздің экологиялық мақтанышы, ал оны таза ұстау — әр азаматтың борышы! Таза Қазақстан — таза табиғат, жарқын болашақ!

А.АБСЕИТ,

«Жоңғар-Алатауы» МҰТП РММ экологиялық ағарту инженері.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (жерленген) қазақстандық жауынгерлердің туыстарын іздестіру

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай» Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан (жерленген) 5392 қазақстандық жауынгерлердің оның ішінде Сарқан аудандық әскери комиссариатымен және Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатымен шақырылған жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету туралы хаты келіп түсті.

Жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету мақсатында, туыстары табылған жағдайда, мына мекен-жайға хабарласуыңызды сұраймыз. Тел: 8(72839)2-21-56, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қ-сы, Жамбыл көшесі №96.

Поиск родственников воинов-казахстанцев, погибших (похороненных) в Великой Отечественной войне в 1941-1945 годах


Общественным объединением «Atamnyn Amanaty» в ознаменования «80-летия Победы в Великой Отечественной войне» составлен список из 5392 казахстанских воинов, скончавшихся во время Великой Отечественной войны, из них призываемых в годы ВОВ Сарканского и Бурлитобинского районов с просьбой оказать содействие (установления) в поиске родственников казахстанских воинов. Для оказания содействия (установления) в поиске родственников воинов просим Вас обратиться по адресу: г.Сарқан, ул.Джамбула,96 Сарканского района, области Жетысу. Тел: 8(72839)2-21-56.

С.АЙМУХАНОВ,
Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

Список бойцов призванных из Жетысуской области (в связи со старым территориально-административным делением в список включены бойцы, призванные из Алматинской области)										
Ф.И.О	Дата Рож- де- ния	Место рождения	Место призыва	Дата при- зыва	Воинское звание	Последнее место службы	Дата выбы- тия	Примечание(укажите то что написано на карточках, жена, родители, адрес)	Причина выбытия	Место захоронен ия
Крыцкий Михаил Филиппович	1922	Атнинская обл., Саркандский район, с. Сидовое (с. Снявсос)			гв.старшина	3 Укрф, 57А, 64 ск, 73 гв. сд, 214 гв. Сп	22.11.1944	неизвестно	умер от ран	Сербия
Вершуков Михаил Архипович	1926	Казахская ССР, Алма- Атнинская обл, Саркандский р-н, с.Сарканд	Саркандским РВК Казахской ССР Алма- Атнинской обл		красноарме ец		05.07.1944	мать Анукина Ульяна Антоновна, Казахская ССР, Алма-Атнинская обл, Саркандский р-н, с.Сарканд.		Беларусь. Поставско м р-не Витебской обл.
Дубовик Николай Григорьевич	1926	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н	Саркандским РВК Казахской ССР Алма- Атнинской обл		рядовой		06.07.1944	отец - Дубовик Григорий Иванович, Черниговаская обл., г.Сосница, ул.Краснофлотская, д.42		Беларусь. Поставско м р-не Витебской обл.
Данько Владимир Петрович	1926	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н	05.11.1943, Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н	05.11.1943	красноарме ец	204 СД 706 сп	10.08.1944		убит	Литва
Леонтьев Николай Михайлович	1926	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н, с. Каргалы	Кировский РВК, Казахская ССР, г. Караганда, Кировский р-н		рядовой	штаб 46 Гв. сд	16.10.1944		убит	Литва
Метленко Петр Кириллович	1909	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд	___07.1941, Кировский РВК, Кировская обл., Кировский р-н	___07.1941	рядовой	1 Гв. СД	19.07.1944		убит	Литва
Нерозников Василий Семенович	1926	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд, ул. Куйбышева, 7	17.02.1944, Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н	17.02.1944	красноарме ец	204 СД 700 сп	19.07.1944		убит	Литва
Утубаев Шалабай	1903	Алма-Атнинская обл., Бурлитобинский р-н, д. Бурлитоба	РВК, Казахская ССР, Алма-Атнинская обл., Бурлю-Тобинский р- н		рядовой	83 Гв. сд 248 гв.сп	27.07.1944		погиб	Литва
Хижняк Иван Григорьевич	1926	Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Каскеленский р-н, г. Сарканд, ул. Горького, 3	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н		рядовой	204 СД	10.08.1944		умер от ран	Литва
Хригунов Иван Дмитриевич	1909	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н, ю/з Пролетария	___,1941, Линчинский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл.	1941	рядовой	877 СП	29.10.1944		умер от ран	Литва
Шадубин Семен Егорович	1926	Алма-Атнинская обл., Саркандский р-н, с. Антоновка	___,1943, Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н	1943	ефрейтор	245 СП	31.10.1944		умер от ран	Литва
Шульгин Степан Савельевич	1897	Казахская ССР, г. Алма-Ата	___,1943, Алма- Атнинский ГВК, Казахская ССР, Алма- Атнинская обл., г. Алма-Ата	1943	красноарме ец	ФЭП-1	01.02.1945		умер от ран	Литва
Прохоренко Прокофий Игнатьевич	1924	Саркандинский р-н, с. Сарканд	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алматинская обл, Сарканд		младший лейтенант		06.05.1945			Чехия
Осымбетов Кинежбай	1912	Кара-Тюбинский с/с, Саркандский р-н, Алма-атнинская обл., Казахская ССР	Саркандский РВК		Ефрейтор, Сапер	11-й отд. штурмовой инженерно- саперной бригады РГК	18.08.1943		погиб	Донецк
Козлов Михаил Васильевич	1924	Саркандский р-н, Покожиловка			гв. рядовой		19.04.1945			Чехия 2020
Рзливалов Петр (И)ванович	190(4)/1 907	КазССР, Алма- Атнинская обл., Сарканский р-н, с/с с. Сарканд	призван Саркандским РВК Алма-Атнинской обл.		красноарме ец			Федора Леонтьевна, проживала Алма- Атнинская обл., Саркандский р-н, ул.	пропал без вести	Смоленска я обл
Жарылгапов Адильбай	1918	Алма- Атнинской обл., Саркандского РВК				5 гв А	07.01.1943			Волгоград
Варенняков (Вареников) Дмитрий Иванович		Сарканский р-н, село Черкас.			лейтенант	1084 сп, командир бат.	13.11.1941			Вологодска я область

Степанов Анатолий Афанасьевич		с. Каргалы			красноарме ец	45 гв. д. ор д. Левина	11.05.1943			Вологодска я область
БЕКТАСОВ Жанбек	1900	Казахстан, Алма- Атинская обл., Саркандский р-н					26.01.1943		погиб	Курская область
АМАРКАНОВ Судукан	1898	Казахстан, Алма- Атинская обл., Саркентский р-н					22.02.1943		погиб	Курская область
ЖАНАБАЕВ Андшен	1899	Казахстан, Алма- Атинская обл., Сарканский р-н					20.02.1943		погиб	Курская область
МАКЕЕВ Танаберген	1924	Казахстан, Алма- Атинская обл., Саркандский р-н, Н. - Покровский с/с					23.08.1943		погиб в бою	Курская область
Абиханов Иргебай	1912	Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Бурлю-Тобинский р- н, р.п. Лепсы	РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Бурлю-Тобинский р- н				...03.1943			Новгород
Онойка Александр Павлович	1918	Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Саркандский р-н, с. Петропавловка	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма- Атинская обл., Саркандский р-н							Новгород
Хоспанов Житхайдар		Алмаатинская обл., Бурлютобинский р- он., ст.Лепсы, с/х комбинат								Новгород
Жаласбаев Авднугалый (Авдуалей)	1917	Талды-Курганская обл. Бурлю- Тобинский р-н Кызыл- Балыкский с/с	Бурлю... Тобинский р-н РВК	20.05.1939	красноарме ец					ПДР №68 23.06
Лавочников Николай Иванович	1922	Казахская ССР, Саркандский р-н, Сарканд			ст. сержант		07.05.1945			Чехия 2020

БІР ЭКСПОНАТ СЫР



«Бір экспонат сыры» айдары бойынша Азамат соғысы жылдарында қолданылған басты қару - жарақ түрі, мұражай қорындағы құнды жәдігерлердің бірі зеңбірек. 1904 жылғы 76 мм үш дюймдік зеңбірек әртүрлі елдерде бірнеше түрлі қаруларды білдіруі мүмкін, бірақ ең танымалдарының бірі: ресейлік 76.2 мм (3 дюймдік) 1904 жылғы үлгідегі тау зеңбірегі (орысша: 3-дюймовая горная скорострельная пушка образца 1904 г.). Бұл зеңбіректі 1902-1903 жылдары Обухов зауыттарында капитан П.А.Перепелкин жобалаған. Ол тау артиллериялық батареяларына арналған және оқ-дәрілері 1900 жылғы 3 дюймдік дала зеңбірегінің оқ-дәрілерімен бірдей болды. Ол тасымалдау үшін бес бөлікке бөліне алатын.

Жобасында кемшіліктер болды, мысалы, ұңғының төмен орналасуы көтерілу бұрышын шектеді және екі гидравликалық цилиндрді синхрондау қиын болды. Ол 1909 жылғы үлгідегі жақсырақ зеңбірекпен тез ауыстырылды. Америка Құрама Штаттарының 3 дюймдік (76.2 мм) М1904 үлгідегі дала зеңбірегі. Бұл АҚШ армиясының 3 дюймдік М1902 дала зеңбірегінің нұсқаларының бірі. М1902, М1904 және М1905 үлгілері негізінен бір дизайнның нұсқалары болды. Ол американдық армияның өзіндік өндірісіндегі алғашқы никельді болаттан жасалған, тежегіш механизмі бар және жылдам ататын қаруларының бірі болды.

Ол Бірінші дүниежүзілік соғыста негізінен оқу-жаттығу үшін қолданылды, себебі армия негізінен француздың 75 мм М1897 зеңбірегін пайдаланды.

М.ЕЛЕУСИЗОВ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫН МЕКЕНДЕЙТІН ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Ұлттық табиғи пар-
ктер – еліміздің табиғи
байлығын, оның ішінде
сирек кездесетін және
жойылып бара жатқан
жануарлар дүниесін
сақтауға арналған ерек-
ше қорғалатын аумақтар.
Мұндай жерлерде жануар-
ларды қорғау бағытында
кешенді жұмыстар
атқарылады. Осы орай-
да өте ауқымды аумақты
алып жатқан «Жоңғар
Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде мекен ететін жан-жануарларды қорғау бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Солардың негізгілеріне тоқталсақ.



Жануарларды қорғау шараларына мыналар кіреді. **Қорықтық тәртіпті сақтау.** Парк аумағында аңшылыққа, ағаш кесуге, жануарларды үркітуге не-месе мекен ету ортасын бүлдіруге қатаң тыйым салынады. **Мекен ету орта-сын сақтау және қалпына келтіру.** Орманды, шалғынды және су айдын-дарын қорғау арқылы жануарлардың табиғи тіршілік жағдайы сақталады. **Биотехниялық жұмыстар жүргізу.** Қыс мезгілінде жануарларға жем-шөп қою, суаттар жасау, тұз қораптарын орнату сияқты шаралар жүзеге асырыла-ды. **Ғылыми-зерттеу және мониторинг жүргізу.** Мамандар жануарлардың саны мен таралу аймағын бақылап, олардың тіршілігіне әсер ететін фактор-ларды зерттейді. **Экологиялық ағарту және түсіндіру жұмыстары.** Тури-стер мен жергілікті халық арасында табиғатты қорғаудың маңыздылығын на-сихаттау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында түрлі акциялар, көрмелер, сабақтар ұйымдастырылады. **Браконьерлікпен күрес.** Арнайы инспекторлар мен егерлер тұрақты түрде рейдтер жүргізіп, заңсыз аңшылыққа қарсы шаралар атқарады. **Құқықтық қорғау.** Табиғатты қорғау заңдарын бұзған тұлғаларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Қорыта айтқанда «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі жануарларды қорғау – экожүйенің тепе-теңдігін сақтау мен келешек ұрпаққа табиғаттың бай мұрасын жеткізудің кепілі. Бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту біздің тікелей міндетіміз саналса, әрбір елім деген азаматтың азаматтық бо-рышы болып табылады.

Жанат АҚЖОЛОВ,
"Жоңғар-Алатауы" МҰТП РММ Сарқан филиалының Аманбектер
орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АҚЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ ЖОМАРТ ИГІМАН ОҚУЛАРЫ

Мектеп оқушылары арасындағы «Таңдайына сәруар сөз ұялаған» атты көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:

Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:

Байқау 2025 жылғы желтоқсанның 8-інде Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқып, өлең-өнер жайындағы алдын ала жазған эссесін ұсынады.

Қазылар алқасы қала мектептерінің 1-11 сыныптарынан, колледждерден іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі.

Сен туған күн, мерекенің!

Ұзақ жылдар бойы сабырмен, байыппен еңбек етіп, мектепті өркендету жолында аянбай тер төккен құрметті мектеп директоры **Кильчабаев Қайрат Бимолдаұлын** 10 қараша күнгі туған күнімен, зейнеткерлік жасқа жетуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге мықты денсаулық, отбасылық амандық, еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беруді тілейміз. Ұзақ жылғы адал қызметіңіз бен білім саласына қосқан зор үлесіңіз еріптестер мен шәкірт жүрегінде мәңгі сақталады.

Ұстаздықтың ауыр жүгін көтеріп,
Оңашада ойға баттың, ой өріп.
Алдыңыздан қанат қақты сан ұрпақ,
Еңбегіңіз жүрді кілең өтеліп.

Тілейміз мол қуаныш өзіңізге,
Ақ ниет, пәк тілек бар сөзімізде.
Жаратқан деніңізге қуат берсін,
63-ке толған кемел кезіңізде.

Ізгі тілекпен: Жетісу орта мектебінің ұжымы.



Сарқан аудандық орталық ауруханасы ұжымы жоғары кәсіби шеберлігімен және адам өміріне деген жауапкершілігімен ерекшеленеді. Осы ретте аурухана директоры А. Шұлғаубаев, директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары Б. Уақанов, хирургия бөлімінің меңгерушісі Т. Сүлейменов, травматология бөлімінің меңгерушісі Я. Шульгин, реаниматолог дәрігерлер М. Бөлегенов, О.Байжанов, Г. Қасымханова, хирургия бөлімінің аға медбикесі М. Төлеулинова, Қ. Саматова, шаруабикесі А. Есеркеева, ас таратушы Ж. Сейткалиева, ота медбикелері А. Сулейменова, А. Мурат-

Қызметтері алғысқа лайық

бекова, М. Құрманбай, М. Молдажанова, ота санитаркалары Г. Байсартова, Э. Абдрашева, В. Байгутанова, ем шара кабинетінің медбикесі М. Қайырбаева, хирургия бөлімінің кезекші медбикелері А. Иманғали, Г. Тоғанбаева, М. Айдын, кезекші санитаркалар Н. Алимбаева, Н. Исакова, М. Ткачеваларға науқастарға сапалы медициналық көмек көрсетіп, емделушілердің сауығып шығуына бар күш-жігерін жұмсағандары үшін зор ризашылық білдіреміз.



Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз — адалдық пен адамгершіліктің айқын көрінісі. Халықтың денсаулығын

қорғау жолындағы табанды қызметтеріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіздердің еңбектеріңіз — баға жетпес, ал науқастарға деген ықыластарыңыз шексіз құрметке лайық. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасылық амандық және еңбектеріңізге табыс тілейміз!

А.АМАНГЕЛЬДИНА.
Сарқан қаласы.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

ЕСКЕ АЛУ

Сарқан ауданының Қарабөгет ауылында ғұмыр кешкен, ауылдың ақсақалы, өмірін еңбектен ажыратпаған ардақты **Нұрғалиұлы Канал** әкемізді сағынышпен еске аламыз. Қазан айының 12-ші жұлдызында дүниеден озды. Әкеміз бүкіл саналы ғұмырын Қарабөгет совхозында механизатор болып жұмыс атқарды. Еселі еңбектері үшін бірнеше мәрте марапатталып, ел құрметіне бөленді.

Кішіпейіл мінезі мен адалдығы, еңбекқорлығы мен кең пейілі - бәрімізге үлгі болды. Тоғыз баланың асыл әкесі, ағайынына қадірлі жан еді. Ұрпағына қамқор Ардақты әкемізді сағынышпен еске аламыз. Жанымыздан кетсең де, жүрегімізден кетпедің.

Мейірімді күлкің, асыл ақылың, әкелік қамқорлығың мәңгі жадымызда. Жаның жәннатта, нұрын пейіште болсын, асыл әкешім!

Сағынып қала бердік бейнеңізді,
Сағындық ісі сіңген жейдеңізді,
Біздегі мына мұңды түсінетін,
Табылмайды адамдар сіздей ізгі...
Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда.
Көнеміз гой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Ардақты әке,
Өзіңізді сағынып еске алғанда.

Биылғы қараша айының 23 күні, сағ 12.00-де Қарабөгет ауылында қырқына берілетін асына туған-туыстар мен құда-жекжаттарды шақырамыз.

Еске алушылар: балалары мен немерелері.



Хабарландыру/Объявление

Сарқан қаласы, Бұғыбай Батыр көшесі, № 2 және №2 А мекен жайда орналасқан (орталықта «Жастар» паркіне қарама-қарсы) тұрғын үй, дүкен, ғимарат - қазіргі нотариус кеңсесі сатылады. Барлығы орталық жылумен қамтылған.

Бағасы келісімді.
Тел. 8-701-480-56-36.

► Открылось наследство после смерти гр. Исканова Рахмета Садигановича, умершего 15 марта 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Сарқан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира №16.

► Шарипова Нурсара Сакаевнаның атына тіркелген Сарқан қаласы, Тургенов (Наурызбай батыр) көшесі 14 үйдің 0,1478 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 24-267-004-413) жеке меншікке құқық беретін №114 мемлекеттік тіркеу актісі және де өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Оскенбаев Бейімбет Баяхметовичтің атына тіркелген ВАЗ 21214 маркалы автокөліктің 497 SFB 05 мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Жақсығалиев Мереке Бериковичтің атына 359 LEA 06 нөмірлі Ford Ranger маркалы автокөліктің №EC00044805 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Открылось наследство после смерти гр. Мухамеджанова Шаймердена Сулейменовича, умершей 07 марта 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Сарқан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира №16. Тел 8778 6859848.



Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.